

Әділетті Қазақстан

Ынтымағы бекем
жұрттың болашағы
баянды болады. Біз бәріміз
бір ел болып, татулық пен
тұрақтылықты сақтау
үшін еңбек етеміз.
Ел бірлігін нығайту
және Отанымызды
өркендету – қасиетті
парыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ



ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ – ПАРЫЗЫМЫЗ

РУХАНИЯТ



«КӨШПЕНДІЛЕР ӘУЕНІ»

ФЕСТИВАЛЬ



BEU FEST

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

27.06.2023

Түнде:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

28.06.2023

Түнде:



+19+21 °C

Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №78 (6371) 27 маусым, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ЕРТЕҢ – БАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ЖУРНАЛИСТЕР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Ақпарат саласында қызмет ететін 65 әріптес пәтер кілтін иеленді



28 маусым – Бұқаралық
ақпарат құралдары
қызметкерлерінің күніне орай
журналистерге аса зор құрмет
көрсетілді. Ақпарат саласында
қызмет ететін 65 адам пәтер
кілтін иеленді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, ҚР Президентінің Телерадиокешені, «Qazaqstan» РТРК АҚ, «Хабар» агенттігі» АҚ, «Qaz-content» АҚ, «Қазақ газеттері» ЖШС қызметкерлері Елордадан баспанаға ие болды.

Жиынға ҚР Президенті әкімшілігі басшысының орынбасары – Президенттің Баспасөз хатшысы Руслан Желдібай, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, «Qazaqstan» РТРК басқарма төрайымы Ләззат Танысбай, «Хабар» агенттігі» АҚ басқарма төрағасы Берік Уәли, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы және т.б. қатысты.

БРИФИНГ

ҚҰРБАН АЙТ –

мәні терең, ғибраты мол мереке



28 маусым – Құрбан айттың алғашқы күні. Алматы өңірлік коммуникациялық қызмет алаңында Құрбан айт мейрамын атап өтуге орай брифинг ұйымдастырылды. Басқосуға Алматы қаласының бас имамы Төлеби Оспан, Алматы Орталық мешітінің наиб-имамы Руслан Қайырғелді, Бостандық аудандық «Бәйкен» мешітінің бас имамы Данияр Жұмабаев қатысты.

ҚЫСҚА...

- Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевті қабылдады.
- Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Қырғызстан Жоғорку кенешінің төрағасы Нұрланбек Шакиевпен кездесті.
- 28 маусымда Құрбан айт мейрамы басталады.
- Түркі мемлекеттерінің цифрлық кітапханасы жасалады.
- Үш университетте текстологтар мен кодикологтарды даярлайтын магистратура ашылады.
- Алматының баскетболдан әйелдер құрамасы Қазақстан чемпионы атанды.
- Оңтүстік астанада жас сарбаздар ант қабылдады.
- Мегалополисте «Sunkar мұз айдыны» ашылды.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс отырысы өтті. Жиын барысында Мемлекет басшысы Ресей Федерациясындағы жағдайға байланысты берген тапсырмаларын орындау шаралары туралы Премьер-Министрдің, Бас прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының, Қорғаныс, Ішкі істер және Сыртқы істер министрлерінің баяндамаларын тыңдады.

Бұл оқиға Ресейдің ішкі мәселесі екеніне қарамастан, аталған жағдайға еліміздің азаматтары алаңдаушылық танытты. Қазақстан мен Ресей арасын әлемдегі ең ұзын шекара бөліп жатыр. Президент Ресей Қазақстанның стратегиялық серіктесі екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесу барысында Ресей билігінің конституциялық тәртіпті орнату және өз азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларын қолдағанын еске салды. Мемлекет басшысы әскери іс-қимылдарды тоқтату жөніндегі келісімді құптады.

Президент кез келген мемлекеттің ішкі саясатында, соның ішінде Қазақстанда да, қоғамдық тәртіп пен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудің негізгі ретінде заң үстемдігі қағидаты басты басымдық болуға тиіс екенін айтты.

Жиында еліміздің қаржы-экономикалық тұрақтылығын және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет екені атап өтілді. Президент барлық ведомство басшыларына дағдарыс жағдайындағы ықтимал қатерлерге қарсы әрекет етуге дайын болуды тапсырды.

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Қырғыз Республикасы Жогорку кеңешінің төрағасы Нұрланбек Шакиевпен кездесті. Сұхбат барысында парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту және елдер арасындағы серіктестікті кеңейту мәселелері талқыланды.

«Қазіргі күні елдеріміз арасында өзара сыйластық пен тату көршілікке негізделген қарым-қатынас қалыптасқан. Мемлекеттеріміздің басшылары орнатқан тығыз ынтымақтастықты біздің Парламенттеріміз де жоғары деңгейде жалғастырып отыр. Сенатта Қырғыз Республикасының Жогорку кеңешімен ынтымақтастық тобы құрылды. Алдағы уақытта да Сенат бауырлас Қырғыз елімен парламентаралық байланысты нығайту бағытындағы жұмысты дәйекті түрде жалғастыра береміз», – деген Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының бастама-сымен елімізде іске асырылып жатқан реформалардың маңызына тоқталып өтті.

Өз кезегінде Нұрланбек Шакиев Қазақстандағы саяси және экономикалық өзгерістерді жоғары бағалап, екі мемлекет арасындағы байланысты әрі қарай дамытудың маңызына тоқталды.

«Қырғызстан мен Қазақстан арасында қандай да бір экономикалық және саяси қарама-қайшылық жоқ. Біз ежелден іргелес қонған бауырлас халықтар ретінде үнемі бір-бірімізді қолдап келеміз. Мемлекеттеріміздің басшылары Садыр Жапаров пен Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы, оның ішінде парламентаралық деңгейдегі өзара қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға белсенді ықпал етіп келеді», – деді Жогорку кеңеш төрағасы.

Сонымен қатар, кездесу барысында су ресурстарын басқаруға қатысты ынтымақтастықты нығайту ісіне Парламент депутаттарының қатысу мәселесі сөз болды.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысының тапсырмасымен Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына арналған салтанатты іс-шараға қатысты. Мерейтойға арналған жиын ақынның туған жері Солтүстік Қазақстан облысы, М.Жұмабаев ауданының Сарытомар ауылында өтті.

Ерлан Қошанов ақынның жерлестерін мерейтоймен құттықтап, Мемлекет басшысының құттықтау хатын оқып берді.

Мәжіліс төрағасы Қызылжар өңірі ұлтымыздың тағдыры мен тарихына өшпес із қалдырған ұлы перзенттерді дүниеге әкелген киелі мекен екенін ерекше атап өтті.

«Мағжан дегенде – халқымыздың ХХ ғасырдағы алмағайып, ауыр тағдыры көз алдымызға келеді. Ақынның «Күншығыстан күн келеді – мен келем» деген бір жол өлеңі бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның арманы мен мұратының ұранындай. Бүгінгі ұрпақ осы күнге, осы арманға, осы мұратқа ұмтылуы қажет», – деді Мәжіліс төрағасы. Мереке аясында облыста халықаралық ақындар айтысының финалы, ат спорты мен қазақша күрестен жарыс өтті.

■ ҮКІМЕТ

Алғаш рет күріштің отаны Қызылорда облысында қатысушылар саны мен қойылған өнім көлемі бойынша ауқымды іс-шара өтті. Жәрмеңке жұмысына Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин қатысты.

Сондай-ақ, сауда және интеграция, ауыл шаруашылығы вице-министрлері, әкімдер орынбасарлары және барлық облыстағы әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар төрағалары, Қазақстанның түкпір-түкпірінен 100-ден астам кәсіпкер қатысты.

«Өткен жылы Үкіметте бағаны тұрақтандыру тәсілдері қайта қаралды. Жаңа шаралардың мәні – фермерлерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын белгіленген бағамен сатып алу үшін қаржыландыруды алдын ала ұсыну. Бүгінгі күні облыстарда осы мақсаттарға бюджеттен 118,1 млрд теңге көлемінде қаражат, оның ішінде 36 млрд теңге форвардтық сатып алуға қарастырылған, бұл тауар өндірушілермен келісім-шарт жасасуға мүмкіндік береді. Біз өндірушілерден өнімді тікелей сатып алу тәжірибесін жалғастыруға дайынбыз. Бүгінгі жәрмеңке бизнес пен ӘКК, өңірлер басшылығы арасында тиімді диалог орнатуға мүмкіндік беретініне сенімдімін, бұл сайып келгенде әлеуметтік маңызы бар тауарлардың баға саясатына оң әсер етеді», – деді Серік Жұманғарин жәрмеңкенің ашылуында.

Жәрмеңкеде Қызылорда облысындағы 35 күріш өңдеуші шаруашылық пен 2 тұз өндіретін кәсіпорын өз өнімдерін нарық бағасынан 20%-ға төмен бағамен ұсынды.

■ ӘЛЕУМЕТ

Биылғы 1 шілдеден бастап ҚР Әлеуметтік кодексін іске асыру шеңберінде халыққа әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жаңғырту басталады. Оның басты мақсаты – мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтердің (АӘК) қолжетімділігін арттыру.

Жаңғырту бағыттарының бірі өтініш берушіден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің проактивті форматына көшу болып табылады. Халықтың АӘК-ға қажеттілігі азаматтардың өтінішін күтпей, Отбасының цифрлық картасының көмегімен автоматты түрде айқындалатын болады. ОЦК базасында қажеттілік карталары қалыптастырылады, мұқтаждар санаттары және оларды проактивті форматта көрсете отырып, қызметтердің қолжетімділігі айқындалады.

Сондай-ақ, Әлеуметтік кодекс шеңберінде ірі интернат-үйлерде қызмет көрсетуден шағын жинақталған әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарында қызмет көрсетуге көшу жүзеге асырылады.

Бүгінгі күні осындай 20 ұйым мұқтаж азаматтардың тұратын жерлеріне жақын жерде қызмет көрсетеді. Мұндай ұйымдарды дамыту «Балапан» бағдарламасына ұқсас, әсіресе ауылда АӘК көрсету үшін шағын жинақты ұйымдар ашқан жеке сектор субъектілеріне мемлекеттік тапсырысты кеңейту жолымен жүзеге асырылатын болады.

Өз кезегінде, ірі интернат-үйлер жаңа технологияларды енгізу және әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің ғылыми-әдістемелік орталықтарына немесе әлеуметтік қызмет көрсетудің көпсалалы шағын үйлеріне кезең-кезеңімен ауыстырылатын болады.

Бұдан басқа, мүгедектігі бар адамға қызмет көрсетуге отбасы мүшелерін тарту көзделеді. Мүгедектігі бар адамдардың туыстары тиісті еңбекақы және әлеуметтік аударымдармен жеке көмекші ретінде ресімделетін болады.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

ЕРТЕҢ – БАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ЖУРНАЛИСТЕР
БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Ақпарат саласында қызмет ететін 65 әріптес пәтер кілтін иеленді



(Басы 1-бетте)

Игі іс Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Дара» бастамалар қорының және «Халық» қайырымдылық қорының демеушілігімен ұйымдастырылды.

Салтанатты түрде үй беру іс-шарасының мақса-

ты – журналистика саласында белсенді қызмет жасайтын мамандардың еңбегін бағалау. Сондай-ақ, ақпарат саласы өкілдерінің табан ет, маңдай терін, бұқара мен билік арасындағы атқаратын саликалы, парасатты, байыпты жұмысын қадірлеу.

Бұдан бұлай осындай жақсы істер жалғасын таба бермек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Руслан ЖЕЛДІБАЙ,
Президент Әкімшілігі басшысының
орынбасары – Қазақстан Республикасы
Президентінің Баспасөз хатшысы:

ЕҢБЕК ЕЛЕНЕДІ

Президент бұқаралық ақпарат құралдарында қажырлы қызмет атқарып келе жатқан бірнеше азаматты баспанамен қамтамасыз етуді тапсырды. Мемлекет басшысының атынан Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні қарсаңында 65 пәтердің кілті табысталды. Марапатталғандардың қатарында журналистер, режиссерлар, монтажерлар, операторлар және басқа да мамандық иелері бар. Пәтерлер «Дара» Президент бастамаларының қоры атынан берілді.

Қазір біздің медиа саламыз қанатын кеңге жайып келеді. Сапалы контент қатары артып барады. Бұл қазақ журналистикасының бәсекеге қабілетті екендігін көрсетеді. Осының барлығы еткен еңбек пен маңдай тердің жемісі дер едік.

Келе жатқан мереке құтты болсын, әріптестер!

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі:

ИГІ ІСТІҢ ҚАЙЫРЫ БАР

Қазақтың көрнекті ақыны хәм жазушысының қанатты ой-пікірі ойға оралып отыр. Мір-жақып Дулатов бір сөзінде «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы зор» деген екен. Ойды ой түртеді. Осы пайымды бүгінгі заманға туралап айтуға болады. Яки, заманға қауқарлы әрі күшті журналистиканы қалыптастыратын білікті хәм білімді журналист десек, артық айтпағандық болар. Осы беріліп отырған үйлер әр шаңыраққа бақ пен береке болып дарысын.

Қазақ журналистикасы қашанда ұлттық руханияттың жаршысы болған. Биік мінберден ел мүддесін күйіттеген. Біздің тілшілердің жасаған жұмысы әрқашан да адал. Әр істің қайыры бар.

Журналистер күні қарсаңында бір топ медиа саласы қызметкерлері мемлекет қолдауымен баспаналы болды. Бұл өте қуантарлық жағдай. Мереке құтты болсын!

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.





ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

МҮЗ АЙДЫНЫ
АШЫЛДЫ

Құрметті әсем қаламыздың тұрғындары мен қонақтары! Сіздерге жаңа жобамыздың – «Sunkar мұз айдыны» жабық мұз айдынының салтанатты ашылуы туралы қуана хабарлаймыз!

Заманауи мұз айдыны барлық жас санаттарына арналған және біз бұл іс-шара барлық коньки тебушілер мен қысқы ойын-сауық үшін нағыз мереке болатынына сенімдіміз. Ауа райына қарамастан, сіз әрқашан қолайлы жағдайда конькимен сырғанау мүмкіндігіне ие боласыз.

Біздің жаңа жабық мұз айдыны конькимен сырғанау үшін тамаша жағдайға кепілдік беретін озық технологияларды қолдана отырып жасалған.

Мұз айдынына келушілердің әрқайсысы мұзда сырғанаудан қайталанбас ләззат алу үшін арнайы салқындату жүйесі жұмыс уақытында мұздың тұрақты температурасын қамтамасыз етеді.

Біздің жайлы «Sunkar мұз айдыны» жабық мұз айдынында отбасыңызбен және достарыңызбен уақыт өткізу мүмкіндігін жіберіп алмаңыз. Сіздерді күн сайын күтеміз және сіздерге ұмытылмас әсер қалдыратынына сенімдіміз!

Біз сіздерді Алматы қаласы, Н.Қаппаров көшесі, 167-үйде орналасқан «Сұңқар» ШТХК-да күтеміз:

Жұмыс кестесі: жұмыс күндері сағат 21.00-ден 23.00-ге дейін, демалыс күндері: 10.00-ден 23.30-ға дейін.

Мұз айдынына кіру – 1500 теңге.

Конькиді жалға алу:

- Ересектерге – 1500 теңге.
- Студенттерге – 1200 теңге.
- Балаларға – 800 теңге.
- Өлшемдері: 24–46.

**Ізгі ниетпен,
«Sunkar мұз айдыны» жабық мұз айдынының
әкімшілігі.**

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ – ПАРЫЗЫМЫЗ

Алматыда «жасыл рейнджерлер» жұмыс істейді



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматының жасыл қорын қалпына келтіруде ағаш отырғызудың және оларды күтіп-баптаудың маңызы зор. Соңғы уақытта қала тұрғындары Алматыны көгалдандыруға арналған ағаш отырғызуға қатысты түрлі іс-шараларға атсалысып жүр.

Ағаш егу мәдениетін қалыптастыруда арнайы мамандардың да рөлі зор. Біз осы жағын кейде ескермейміз. Көпшілігіміз жұмыс процесіне немқұрайлы көзқарас танытамыз. Жасыл желек күтімінің қыр-сырын білмеген соң оларды өсіруге болатын жерді дұрыс таңдай алмай жатамыз. Мәселен, кейбір жас бағбандар ағашты отырғызу ережелері көшеттің түрлеріне байланысты ашық тамырлы жүйесімен және жабық, яғни топырақ үймесі бар жерлерге отырғызу керек екенін білмейді.

Жасыл желектің негізгі күтімі – суару. Оны вегетация кезінде, дәлірек айтқанда, көктемде, ағаш «ояна» бастаған кезде жасаған дұрыс. Көшетті молынан суару керек. Мысалы, биіктігі жарты метр болатын жас қарағайға кем дегенде 40 литр су қажет. Ылғал тамыр жүйесіне әбден сіңгені жөн. Көшетті топырағы құрғағанына байланысты суарып отырған абзал. Ал жаз айларында жасыл желекті аптасына екі рет суарған дұрыс. Міне, осындай қарапайым ережелер сақталмаған соң ағаштар жылдам құрап, ауырып, соңында тіпті жарамсыз болып жатады.

Ботаника және фитоинтродукция институтының қызметкерлері осындай олқылықтар орын алмас үшін алып шаһарда жасыл қорды күтіп-баптауға бағытталған ерекше әлеуметтік экологиялық «Жасыл рейнджер» жобасын қолға алды. Жоба аясында волонтерлерге арналған оқыту лекцияларының топтамасын, сондай-ақ жаз бойы Бас ботаникалық бақ аумағында ағаштардың жағдайын бақылау және ағаштарды күту және емдеу дағдыларын жаттық-



тыру бойынша практикалық жұмыстар қамтылады.

Рейнджер командасына бейтарап іріктеу комиссия мүшелерінің шешімімен 12 қатысушы лайықты деп танылып, топқа қабылданды.

Ең алдымен, біз ағаштарымызды сақтап, олардың өмірін барынша ұзартқымыз келеді. Өйткені, ағаш – көптеген жағымды қасиеттері бар табиғи материал. Ағаштар қалаға сән беріп қана қоймайды, ол ауаның тазарып тұруы үшін де пайдалы. Сондықтан ағаштардың ауруларын уақытылы байқап, олардың құрап, солып қалуына жол бермеу керек. Дейтұрғанмен, барлық ағаш бірдей емдеуге көне бермейді. Кейде ағаш сау болып көрінгенімен, жарамсыз болады. Сондықтан олар құлап

қалмас үшін ертерек кесуге тура келеді», – дейді бағдарлама жетекшісі Баян Коспенбетова.

Рейнджер мектебінде сабақтарды танымал әрі беделді дендролог Владимир Эпиктетов жүргізеді. Оның ағаштар туралы айтқан ақпараттарынан кейін, қатысушылар таудағы жасыл желектерді қорғауға деген ұмтылысын бірден күшейтеді. Дәріскерді тыңдай отырып, сіз ағаштардың да тіршілік иесі екенін түсінесіз. Бірақ бізден айырмашылығы, олар өздері үшін ештеңе істей алмайды. Қорыта айтқанда, «Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ. Мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ». Олай болса, табиғатты аялау, оған көңіл бөлу, таза ұстау, зиян келтірмеу, аманатқа қиянат жасамау әрбір адамның міндеті екені сөзсіз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«РЕЙНДЖЕРДІ БЕЙСБОЛ ҚАЛПАҒЫНАН ТАНИМЫН»

«Мен үй өсімдіктерін өсірумен айналысамын. Табиғатты жақсы көретіндігім үшін жобала қабылданғанымды мақтан тұтамын. Мен мұнда алатын барлық білімді достарыммен, туыстарыммен, көршілеріммен және тіпті кездейсоқ таныстарыммен де бөлісуге даярмын. Біз осылай «жұдырықша жұмылғанда» ғана Алматының жасыл қала мәртебесін сақтай аламыз, Мен рейнджерлерді бейсбол қалпақтарынан танимын», – дейді Мәдина Шаймергенова.

Айта кетейік, рейнджерлерді тегін оқыту 8 қыркүйекке дейін жалғасады. Ал күзде ағаштарды қорғау бойынша еріктілер десанты өзінің жұмысын бастайды.

БРИФИНГ



Айнабай
МӘДИ

(Басы 1-бетте)

ҚҰРБАН АЙТ
мәні терең, ғибраты мол мереке

орыннан (Мөңке би көшесінің Ф.Оңғарсынова мен Б.Момышұлы көшелерінің аралығындағы бөлігі) құрбандық малын сатып алуға болады. Сонымен қатар, өткен жылдардағы тәжірибеге сай, құрбан шалу рәсімін көпшіліктің сұранысына орай, онлайн түрде тапсырыс беру үшін «qurban2023.kz» сайты қайта іске қосылды. Сайт арқылы тапсырыс берушіге құрбандығының шалынғандығы жөнінде бейне-есеп жолданады. Алматы қаласындағы құрбандық етін алуға өтініштер «qurban2023.kz» сайты арқылы қабылданады. Онлайн құрбандық шалу рәсімі – «Алтын Орда» базарының маңындағы Абай ауылында орналасқан «Алтын сақа» мал базарында жүргізіледі. Қала тұрғындары «Алтын сақа» мал базарына келіп, мал сатып алып, сол жерде құрбандығын шалуына болады.

КЕРЕК ДЕРЕК

ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУҒА
РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ОРЫНДАР

1. Алатау ауданы бойынша:

– «Мырзахмет» мешіті. «Қарасу» ы/а, Солтүстік айналым к-сі, 15-үй.

– «Әскер ата» мешіті. «Әйгерім-1» ы/а, Бенберин к-сі, 18/4.
– «Алғабас» мешіті. «Алғабас» ы/а, Ақбөке к., 6.

2. Әуезов ауданы бойынша:

– «Таугүл» мешіті. «Таугүл-3» ы/а, Паримбетов к-сі, 9 А.

3. Бостандық ауданы бойынша:

– «Бақыткелді» мешіті. «Хан Тәңірі» ы/а, Дулати, 27/11.

4. Медеу ауданы бойынша:

– Алматы Орталық мешіті. Пушкин к-сі, 16.
– «Омар ибн Әл Хаттаб» мешіті. Жуков к-сі, 136 А.
«Аманқұл ата» мешіті. Т.Бигелдинов к-сі, 5.
– «Фатима» мешіті. Ш.Жәнібек к-сі, 148.
– «Райымбек батыр» мешіті. «Думан-1» ы/а, Хан Тәңірі к-сі, 15.
– «Арафат» мешіті. Ибрагимова к-сі, 5 А.

5. Наурызбай ауданы бойынша:

– «Қалқаман» мешіті. «Қалқаман-2» ы/а, Аспандияров к-сі, 84.

6. Түрксіб ауданы бойынша:

– «Қайрат» мешіті. «Қайрат» ы/а, Сарымұлдаев к-сі, 22.

7. Жетісу ауданы бойынша:

– «Вайнах» мешіті. Айтықов к-сі, 1 А.

Аталған орындарда мешіт қызметкерлері халыққа құрбандық шалу рәсіміне қатысты қызметтерді атқаратын болады. Құрбандық етін қабылдау пункттері шаһарымыздың 54 мешітінде қойылған. Арнайы муздатқыштар орнатылып, рефрижератор тасымалдау көліктерімен қамтамасыз етілмек. Қала тұрғындары өз үйіне жақын мешіттерге барып, құрбандық еттерін өткізе алады.

Сондай-ақ, Алатау ауданындағы «Кіші Мөңке би» көшесінде арнайы әзірленген



● МОНИТОРИНГ

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

жоғары деңгейде қорғауды қажет етеді

Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің кешенді жұмыс жүргізіп жатқанын білдік. Соның ішінде сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау саласындағы заңнама нормаларын сақтауда мемлекеттік бақылауды жүзеге асырумен бірге, азаматтарға уақытылы практикалық, әрі заңгерлік көмек көрсетілуін назарға алдық.



Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға белгілеуді тұрақтандыру аясында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Әбдіқалыровтың төрағалығымен құрылған азық-түлік тауарларына баға белгілеудің барлық тізбегінде делдалдық сызбаны (схема) тергеу жөніндегі өңірлік комиссия аталған тауардың өндірушіден тұтынушыға жеткізу тізбегінде делдалды анықтау, сондай-ақ оны жоюда жоспарлы жұмыс жүргізуде.

«Мониторинг шеңберінде делдалдық сызбаны тергеу жөніндегі комиссияда әріптестермен бірлесе жұмыс істеу кезінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына баға белгілеуде асыра базалауға ықпал еткен заңды тұлғалар мен делдалдық сызбаның 50-ден астам дерегі анықталып, жойылды. Соңғы екі айдағы тексеру іс-шарасы барысында 30-дан астам заңды тұлға әкімшілік жауапқа тартылды», – деп атап өтті Алматы қаласы бойынша сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің басшысы Геннадий Данияров.

Департамент тұтынушылардың заңды құқығын қорғауды іске асырса да, бизнес өкілдері уәкілетті орган қорытындысымен келіспейтін жағдай ара-тұра кездесіп қалады. Бұл ретте сот процесіне дейін әрбір жағдай жеке қаралады. Департамент тарапынан болатын тексеру процесінің заңдылығына келіспеген кезде

бизнес өкілдері сотқа талап-арыз беруде. Мәселен, А. деген азаматтың өтінішіне сәйкес, департамент FlyArystan «Эйр Астана» акционерлік қоғамына қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізді. Тексеру қорытындысында құқықбұзушылықты жою жөніндегі нұсқама негізінде өтініш берушіге ақшалай қаражат қайтарылды. Сондай-ақ, акционерлік қоғамға қатысты әкімшілік жауапқа тарту туралы қаулы шығарылды.

«Эйр Астана» өкілдері сотқа біздің департаменттің тексеру нәтижесіндегі тексеру актісін жарамсыз деп тану және құқықбұзушылықты жою жөніндегі нұсқаманың күшін жою туралы талап-арыз берді. Талап-арызды қарау нәтижесінде сот департамент қабылдаған шаралар мен жүргізілген тексерудің заңға сәйкестігі туралы шешім шығарды. Департаментке қатысты «Эйр Астана» акционерлік қоғамының әкімшілік талабын қанағаттандырудан толықтай бас тартылды», – делі департамент басшысы Г.Данияров.

Уәкілетті орган тарапынан іс-шараның реттілігі мен бизнестің тұтынушылар алдындағы міндетін тиісінше орындау рәсіміне мемлекеттік бақылауға негізделген құқық пен заңды мүддені қорғаудың тиімді жүйесін қамтамасыз етуде тұрақты жұмыс жүргізілуде.

● ЖОБА

ЖЕҢІЛ РЕЛЬСТІ КӨЛІК

Алматы мен аумақтар арасын жалғайды

Бір кездері Алматының бас жоспарында желдей жүйткіген темір жол көліктері құрылысының жобасын байқағанымыз бар. Жобада магниттік темір жол, жеңіл рельсті көлік жобалары болғаны рас.

Тіпті, Алматы–Қаскелең–Қарғалы–Ұзынағаш бағытындағы рельсті көліктің сызба-жобасын көзбен шолғанбыз. Алайда, Алматыда универсиада, Азияда, т.б. спорт бәсекелері (тіпті, жазғы Олимпиадаға деген даярлық та болған) өтер шақта бұл шаруалар кейінге қалғаны мәлім. Енді сол арман-жоба ауылы аралас іргеміз-дегі Алматы облысында жүзеге аспақ.

Жақында Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев қашықтығы 146 шақырымға тартылар жеңіл рельсті көлік желісі құрылысын салу жөнінде түрік компаниясымен бірлесе меморандумға қол қойды. Алматы облысы әкімдігіндегілер: «Қаскелең–Есік–Талғар–Алматы–Ұзынағаш бағытында жеңіл рельсті көлік желісін қосу жоспарлануда. Тіпті, Талғар мен Қаскелеңнен арнаулы автокөлік тұрақтары ашылмақ. Міне, осы жерлерде автожүргізушілер көлігін қалдырып, одан әрмен ЖРК-ге мініп, Алматыға жетеді», – дейді.

Облыс аумағында жоспарланған ЖРК құрылысын бастау жобаланса да, әзірге жоба құны қалай

болатыны белгісіз. Бүгінде өкілетті басқарма Алматы шекарасынан ауданға, одан облыс орталығына дейінгі көлік дәлізін анықтау жұмысын бастап та кетті.

«Бастапқы жоба мемлекеттік-жекеменшік кәсіпорындар аясында жүзеге асатын болады, сондай-ақ жеке инвестиция нұсқалары да қарастырылуда. Көлік қызметін пайдалану мен жолаушылар тасымалы мәселелеріне байланысты мемлекеттік сараптама жұмысы қолға алынды. Бұдан өзге, көлік қызметін пайдалануға орай, әр ауданда қоғамдық тыңдау ұйымдастырылып, тұрғындар мен сарапшылар пікірі ескеріледі», – деп хабарлады Алматы облысы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Бұл жүйенің өзі аумақтар мен Алматыда көлік кептелісін реттеуге бағытталған. Талғар мен Алматы арасын жалғайтын ЖРК жобасы талданысымен құрылыстың бастапқы кезеңі басталады. Ал Қонаев – Алматы бағыты екінші кезеңге жатады.

● КЕРЕК ДЕРЕК

Алматыға аталған облыс аумақтарынан күніне 300 мыңдай адам кіріп-шығады. Аталған аумақтарда ЖРК-тің ұзындығы – 80 шақырым. Алматы–Қонаев бағытындағы арақашықтықты қосқанда, 150 шақырым.

● ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

Осыдан бірнеше күн бұрын Алмалы ауданы аумағындағы Саябаққа барып, ел-жұрт демалар саялы орынның тыныс-тіршілігін барлады. Жасы бар, жасамысы бар, демалып жүрген кісілермен емен-жарқын сөйлесіп, жай-жапсар сұрастық.

Айтпағымыз, Алматының қақ ортасынан Шығыстың тамылжыған өлкесі Үндістанды Англияның отарлық езгісінен құтқарған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Махатма Гандидің құрметіне қойылған саябақ жайында. Саябақ қаламыздың облыс төңірегімен шектеспейтін ішкі әкімшілік аумағы Алмалы ауданындағы Шевченко – Гагарин – Жамбыл – Жароков көшелерінің аралығында орналасқан демалыс орны. Махатма Ганди саябағы – Алмалы ауданы ғана емес, қала жұртшылығының сүйікті серуендеу орны. Демалыс орнының алаңқайлары жүгіруге, үй жануарларын жаттықтыруға, велосипед тебуге таптырмас жер.

2003 жылдың қазан айында ашылған саябақтың шығыс бөлігіне үнді саяси және қоғам қайраткері Махатма Гандиге ескерткіш орнатылды. Оның ашылу салтанатына М.Гандидің немересі Сумитра Кулкарни қатысқан болатын. Бір айта кетерлігі, бұл ескерткіштің сырт келбеті 1988 жылы Индира Ганди алаңында ашылған Мәскеу ескерткішінің көшірмесіне келеді.

Айтайын дегеніміз, саябақ ашылған шақта фастфуд дүңгіршегі және Bburger гелий шарлары, қоғамдық велосипед тұрағы, бірнеше спорттық жабдық пен ойын алаңы істеп тұрды. Неге екені белгісіз, осы дүниелердің бірсыпырасы қазір көрінбейді. Дегенмен, қайта құру жұмыстарының арқасында саябақ жайлы болып, тазара түсті. Жасыл алаңның аумағында серуендеуге және иттерді жаттықтыруға (дрессировка) арналған алаң бар, онда төрт аяқты досыңызбен ойнауға мүмкіндік табасыз. Оған қоса, периметрінде тазалауға арналған сөмке мен коқыс жәшіктері бар орындар бар. Саябақта ақылы қоғамдық дәретхана да жұмыс істейді. Ертемен келетін аула сыпырушылар төңіректегі тазалықты реттейді.

Осыдан бес жыл бұрын Ганди атындағы саябақ толықтай қалпына келтірілді, асфальт

САЯБАҚҚА КЕЛУШІЛЕР САНЫ АРТТЫ



толығымен ауыстырылды. Орталық бөлігінде Үндістанның қоғам қайраткері ескерткішінің жанына брусчатка төселеді делінген. Кейін аудандық әкімшілік шешімімен асфальтталды.

«Жалпы, саябақта тазалық сақталған. Ертемен аула сыпырушылар сыпырып, тазалап кетеді. Саябақ аудан ғана емес, қала тұрғындарына да жайлы. Демалыс орнында тұрғындар көңілді серуендейді. Бұдан бұрын зейнеткерлер шахмат ойнайтын. Жан-жағы темір, төбесі ағаш, қоршау жасыл ағаштан жасалған болатын. Жөндеп, қайта саламыз деген. Аудан әкімшілігі осы жұмыстарды мамырдың соңына дейін реттейміз деп еді. Бір ай өтті, әлі жоқ. Сол аралықта аудан әкімі өзгерді. Мүмкін сол себепті кідіріп жатқан шығар», – дейді саябаққа тұрақты келетін қала тұрғыны Тілеужан Райымбаев ағамыз.

Саябақтың айналасындағы шамдар әлі толық реттеле қойған жоқ. Жақын арада айнала кешкі уақытта самаладай жарқырайды дегенді естідік. «Қариялар көктем басталысымен 50–60 адам жиналып, күн сайын таңертең жаттығу жасаймыз. Екі дәрігер-психиатр бізбен қоғамдық негізде жұмыс істейді», – дейді саябақта жиі серуендеуші Света деген апайымыз. «Отбасы үшін та-

маша саябақ. Жазда балаларға арналған жабдығы бар. Балалармен серуендеуге болады. Иттерді серуендетіп жүретініне қарамастан, төңірек таза. Жарық, екі ойын алаңы, иттерді серуендеу алаңы бар», – деген Света апайдың сөзінің жаны бар.

Саябақта екі ойын алаңы мен бір спорт алаңы бар. Жасы бар, жасамысы бар, ертемен осында жаттығу жасайды. Қарттарымыздың мүддесін ескерер болсақ, отырғыштардың бірнешеуі жөндеуді күтіп отыр. Арқалы отырғыштарды көбейту керек тәрізді. Өйткені, демалар қарттардың саны күннен-күнге көбейеді.

Бұрын жұмыс істемеген суару жүйесінің қайта жасалғаны көрініп тұр. Естуімізше, осыдан біршама уақыт бұрын 8600 шаршы метрге көгал егілген. 183 жарықтандыру нүктесі орнатылса да, соның әлденешесі өз қызметін атқара алмай тұрғанын байқадық. Бұрын саябақ қараңғы болғанда, небары 14 үлкен жарықтандыру шамы болыпты. Енді адамдар Жароков пен Гагарин көшелерінің арасынан Жамбыл көшесі бойымен емінеркін төмен түсе алады. Негізінен, саябақ жарқырап, жақсы болды. Бір кездері саябақты жаңғыртуға 80 млн теңгедей қаржы бөлініп, біраз шаруа атқарылған.

Сондай-ақ, саябақта серуендеуге және



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

иттерді үйретуге арналған алаң мен соқпақ жолдар бар. Оған қоса, мұндай соқпақтың ұзындығы 660 метрден асады. Шағын жолдар төтелеп жүруге қолайлы. «Жолдарға брусчатка төселіп, экрандармен қоршалса...» дейді осында демалып отырған Зухра деген қарындасымыз. Негізгі өткелдерді байланыстыратын экологиялық жолдар көбейсе деген ниет бар.

Айтпақшы, сом темірден құрастырылған «ашық аспан астындағы» кітапхана тұрақты істеп тұр. Саябақтағы кітапханаға маңайдағы №4 кітапханадан екі кітапханашы келіп, сағат 11.00-ден 17.00-ге дейін кезек-кезек қызмет кылады. Оқырмандардың дені – қарттар. Ара-тұра жастар да кітапқа қызығушылық танытатын кездер болады. Оларды шетел жазушыларының детективтері, жаңа технологияның қыр-сыры қызықтыратындай. Оқта-текте кітапхана жабық тұрғанда маңайдағы отырғышқа ұқыппен буылған кітаптар қалдыратын кітапқұмарлар бар. Мұндай жағдай жиі болып тұрады. Оны байқаған оқырман демалып отырып кітап оқиды. Кешке таман саябақ жұмыскерлері орындықтардағы кітаптарды ұқыппен жинап, алып кетеді де, ертеңіне кітапханашыға тапсырады.

Бетті әзірлеген Айнабай МӘДИ.



САРАПТАМА

АҚШ–ҮНДІСТАН:

Моди сапары аймақ елдерінің сыртқы саясатын өзгерте ме?

Өткен аптада Үндістанның Премьер-министрі Нарендра Моди Америка Құрама Штаттарына сапарлады. Бұл сапарында ол АҚШ Президенті Жо Байденмен кездесті және конгресте сөз сөйледі. Тараптар бірқатар маңызды келісімдерге де қол қойды. Вашингтон мен Бейжің қарым-қатынасы шиеленісіп тұрған шақта, АҚШ пен Үндістан арасындағы ынтымақтастықтың кеңеюі сарапшылардың назарын өзіне аударды. Бұл сондай-ақ, Құрама Штаттардың Үнді-Тынық мұхиты стратегиясының нәтижесіне қайта зер салуға да итермеледі.



Үндістан премьер-министрінің Құрама Штаттарға ресми сапары 2009 жылдан кейін алғаш рет болып отыр. Байден-Моди келіс-сөзі жабық отырыста екі жарым сағат бойы өткен. Бұл Модидің 4 күндік сапарының ең маңызды тұсы еді. Кездесуден кейін АҚШ–Үндістан ортасында «Жақын жаһандық серіктестік» қарым-қатынасы орнағанын қос тарап бірдей растады. Қол қойысқан келісімдері негізінен жасанды интеллект (AI), жар-тылай өткізгіштер, жеткізу тізбегі және қорғаныс салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған.

АҚШ президенті Жо Байден бірлескен баспасөз жиынында екі елдің қарым-қатынасын «тарихтағы кез келген уақыттағыдан күштірек, жақынырақ және серпінді» деп бағалады. Ол және Вашингтон мен Жаңа-Дели (Нью-Дели) арасындағы жоғары деңгейдегі ынтымақтастық қазіргі дәуірдің ең үлкен қажеттілігі екенін айтады. Қос тараптың ортақ күшімен бұл қажеттіліктен шыға алдық деп сенетінін де жеткізеді.

Тараптардың ресми мәлімдемелері және

келісімдердің бағытына қарап та екі елдің бір-бірінен не күтетінін аңғару қиын емес. Былайша айтқанда, АҚШ–Үндістан ынтымақтастығы Үнді-Тынық мұхит аймағындағы Қытай ықпалына қарсы бағытталды. Модидің АҚШ сапарының басты мақсаты Үндістанның ұлттық мүддесіне сай, Құрама Штаттармен ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған. Дегенмен, көптеген шетелдік сарапшылар кездесулерде Қытай мәселесі негізгі тақырыптың бірі болды деп санайды.

Моди мен Байден ортасындағы кездесуде болсын немесе оның Конгрестегі сөздерінде болсын Қытай тікелей аталған жоқ. Алайда, Моди Үнді-Тынық мұхит аймағындағы жағдайды бағалау сөздерінің көбі Қытайдың аймақтағы ықпалы жайында болғанын толық аңғарамыз.

Ұзақ мерзімдік перспективадан қарағанда, АҚШ–Үндістан ынтымақтастығының болашағы Қытай мәселесіне тікелей қатысты. Себебі, Вашингтонның Жаңа-Делиге деген ықыласы «Қытай қауіпі» теориясы және «Үнді-Тынық мұхит стратегиясымен» қатар

өсіп шықты. АҚШ-тың Үнді-Тынық мұхиты стратегиясы немесе аймақтық және жаһандық стратегиялық жүрістері үшін Үндістан өте маңызды болды. Үнді-Тынық мұхиты стратегиясы дегеннің өзі Үндістанды қосқан Азия-Тынық мұхиты стратегиясының жаңа нұсқасы болатын. Құрама Штаттар аймақтағы мүддесін алға бастыру үшін Үндістан сынды ірі елдің қолдауына ие болудың маңыздылығын ерте білгендей. Бірақ тараптардың ынтымақтастығы түбегейлі дамып, одақ деңгейіне жетуі екіталай. Бұл арада ұлттық және мәдени құндылықтардың мәселесі тұр.

Үндістан демократиялық елдердің қатарында аталады. Алайда, өзге демократиялық әлеммен қайшылықты мәселелері де жоқ емес. Айталық, адам құқығы, дін және азаматтық қоғамға қатысты соңғы кездердегі елдің бет-бейнесі батыстық әлемге тым жағымды емес. Бұндай қарама-қайшылықтар Үндістан–АҚШ ынтымақтастығының алдынан шығатын кең тұсау деуге де болады. Құрама Штаттар үшін Үндістанның Ресеймен болған қорғаныс ынтымақтастығын қысқар-

туда көп күш шығаруына тура келетіні тағы бар.

Үнді-Тынық мұхитындағы АҚШ пен Қытайдың жауаптасқан қимылы аймақ елдері үшін жаңа сынақтарды алып келді. Бұл бір жағынан Орта Азия елдерінің қазіргі жағдайының масштабы бейнесіне ұқсайды. Біздің аталған аймақтағы елдерге, олардың сыртқы саясаты және ірі державалармен қарым-қатынасына назар аударатын себебіміз де сол. Моди сапарына орай АҚШ-тың аймақтағы стратегиялық жүрістеріне қайта бір баға берудің орайы да тұғандай.

Бір қарағанда, державалардың бәсекесі аймақ елдерінің экономикалық дамуына тарихтағы ең үлкен мүмкіндікті алып келді. Оңтүстік-Шығыс Азия болашақ әлемнің экономикалық дамуындағы көшбасшы аймақ ретінде бағалануда. Алайда, бұл оларға белгілі деңгейде қауіп те ала барды. Себебі, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауіпті қару-жарақ бәсекесінің ортасында қалды. Оның үстіне державалардың стратегиялық жүрістері олардың сыртқы қатысуын жоғарылатуға итермеледі. Бірақ аймақтағы үлкенді-кіші елдер де сыртқы саясатта бізге ұқсас жолды таңдағанын байқаймыз.

Кезекті АҚШ–Үндістан ынтымақтастығына назар салып көрелік. Тараптар маңызды келісімдерге қол жеткізгенімен, келісімдер тек стратегиялық серіктестік деңгейін сақтады, одақтастық деңгейге көтерілген жоқ. Біз бұдан Үндістанның толықтай Вашингтонға бет бұрмағанын көреміз. Жалпы, Үндістан ғана емес, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің де сыртқы саясаты осыған ұқсайды. Құрама Штаттардың аймақтағы саясатына барынша бейімделгенімен, АҚШ пен Қытай арасында бір тарапқа толықтай бет бұрудан барынша сақтанады.

Жалпы қарағанда, қазіргі жаһандық жағдай державалар арасындағы бәсекелік қарым-қатынастардан асып, жоғары температураға жетті. Ал бұл орта-шағын елдер үшін үлкен қиындықтар алып келуде. Саяси үйкеленудің ашыққа шыға бастауы, былайғы елдерді тандау жасауға итермелейтіндей. Бірақ осы әлемнің ауқымды қақтығысқа немесе лагерьлерге бөлінген теке-тірес күйіне түсіп кетпеуіне тағы сол орта және шағын елдер себепші болып тұр деуге болады.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



АШЫҚ АЛАҢ

ЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҮРДІСТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі «Ақпараттық саланы дамыту туралы: БАҚ–тың жаңа және дәстүрлі түрлері қалай өзара әрекеттестік орнатады» атты конференция ұйымдастырды. Іс-шараға Алматы мен өңірлерден 40-қа жуық журналист пен блогер қатысты.

Іс-шараны ұйымдастырушы Алматы қаласы ӨКҚ басшысы Балсұлу Алексенованың айтуынша, қазіргі заманғы трендтерді талқылау, дәстүрлі баспа БАҚ-тан онлайн медиаға көшу мүмкін бе, жоқ па, подкасттар туралы көбірек білу, телеграм каналды қалай танымал етуге болады, сондай-ақ журналист ретінде жеке брендті қалай пайдалану керек деген сыңайлы сұрақтарды талқылау міндеті тұрды.

«Біздің алматылық журналистер өз оқырмандарына үлкен көлемдегі ақпаратты ұсынып, бұл ақпаратты бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен жеткізумен ерекшеленеді. Кейбіреулері газеттер, сайттар, енді біреулері Инстаграм, жеделхат, ТикТок арқылы береді. Ақпаратты беру формалары мен тәсілдері өзгеруде, бірақ ең бастысы, сапалы кәсіби журналистика болып қала береді», – дейді Б.Алексенова.

Бірінші блокта конференция қатысушылары «Бұқаралық ақпарат құралдары жарнаманы қалай беруі керек, арнайы жобаларды дамыту және жарнама берушілерді тартуға» қатысты ой бөлісті. Пайдалы жарнаманың мәтіндерінде, әдетте, ақпарат көзі бар, мақсатты аудиторияға қызықты ұсынады. Бренд-демеушілердің оң имиджін қалай қалыптастыруға болатындығы, басылымның мақсатты аудиториясының ішінен жаңа клиенттерді, сондай-ақ жеке арнайы жобаларды қалай қызықты етуге болатыны туралы Tengrinews.kz сайтының арнайы жобалардың бас менеджері Ирина Грибовская айтты.

Конференцияға өз медиасын құрған журналистер қатысты. Құрметті қонақтардың қатарында қазақстандық журналист, Shishin_like телеграм каналының негізін қалаушы Дмитрий Шишкин, сондай-ақ BES.media қоғамдық-саяси іскерлік басылымының журналист-редакторы Руслан Сағиев болды. Олар «өз медиасын қалай құруды, мақсатты аудиторияны тарту және оның сеніміне қалай кіруге болатынын» айтты.

Orda.kz-тің даму жөніндегі директоры Әли Аманов өз



сөзіне креативті тұрғыда түсіндірді. Ол газетке, сайтқа материал жазуды, бейнеролик түсіруді және т.б. басқалардан артық білмесе, кем білмейді. Әли сөзді де, суретті де және интерактивті меңгерген мобильді журналист. Ол мультимедиялық редакцияның менеджменті туралы айтты.

ӨКҚ ұйымдастырған конференцияның құрметті қонағы подкаст продюсері «Морское время», «Книгометр», «Отвечили в директ» подкасттарының тең авторы Марина Шарипова болды. Ол подкастингтің күші туралы, жаңа формат ретінде интернет арқылы әртүрлі мазмұнды контент тарату егжей-тегжейлі айтты.

Шақырылған қонақтардың арасында «Арбат медиа» бас редакторы, саясаттанушы, медиаменеджер Сырым Итқұлов болды. Ол ақпарат беру кезінде эзіл-оспақпен ерекшеленетін журналистердің бірі, сонымен қатар 20–30 жылдан кейін вирусты ақпаратқа айналуы мүмкін мұрағаттық бейнені таба алатындардың бірі. Ол әр жаңалыққа шығармашылықпен қараумен ерекшеленеді. Сырым жеке бренд арқылы ақпаратты қалай беру керектігімен де бөлісті.

«Время» газетінің журналисі Екатерина Тихонованың

айтқан сөздері көпшіліктің есінде қаларлықтай болды. Ол жеке тәжірибесімен бөлісе отырып, «тергеу журналистикасының құқықтық негіздері» туралы айтты.

Өңірлердің журналистері көптеген пайдалы нәрселерді ТикТокерлерден білді. Конференция қонақтары Митя Байназаров, Vainazarov PR-агенттігінің директоры, блогер және тәуелсіз журналист, блогер Рашид Ильясов болды. Жасыратыны жоқ, ТикТок барған сайын танымал медиа алаңға айналу-да. Спикерлер ТикТокта журналистер мен БАҚ қатысуының негізгі көздері туралы айтты.

Конференция соңында Orda.kz-ті мысалға ала отырып, Телеграм-каналында тағы да сөз болды, оның арнасына 126 мыңнан астам адам жазылған. Қазір Қазақстанда Telegram-арналар санының өсуі байқалуда, олардың кейбіреулері БАҚ ретінде тіркелуде. Қаңтар оқиғаларынан кейін Қазақстанның медиасферасында Telegram-арналардың танымалдығы артып келеді. Илья Ролдугин-SMM арна жеделхатының маманы Orda.kz телеграмның қалай жұмыс істейтінін көрсетті.

Нұр ЖАМАЛ.



28 МАУСЫМ – ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІ

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы:

ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Қадірлі отандастар!

Сіздерді мұсылман қауымының ұлық мейрамы – Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын! Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға береке тілеймін. Алла Тағала бәріміздің мерейімізді үстем етсін!

Құрбан айт – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы тереңде жатыр. Қасиетті Құранда: «Ұмытпандар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарың (шынайы ниеттерің)» («Хаж» сүресі, 37-аят), – делінген. Аятта айтылғандай, Құдай жолында жақсылық жасауға ниеттенген пенде бұл амалды риясыз оймен орындайды.

Адам баласы құрбандық шалу арқылы Алланың берген ризық-несібіне шүкір етеді. Құдайдың нәсіп еткен нығметтің бір бөлігін көмекке мұқтаж жандарға үлестіріп, олардың да ақысын беріп, қуанышқа бөлейді. Өйткені, Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Парыз амалдан кейінгі Аллаға ұнамды іс – мұсылманның жүрегіне қуаныш сыйлау» деген.

Халқымыз «Бота алғанша бата ал» дейді. Үлкеннің,



жалпы көмекке мұқтаж жандардың алғысын алып, батасына бөлену – айт кезінде орындалатын сауапты істің бірі. Мұсылман баласының ұлық күнде шынайы ниетпен құрбан шалып, оны мүгедектер мен жетімдерге, көпбалалы отбасылар мен қарттарға таратып, алғысын алуға тырысатыны сондықтан.

Осы ретте еліміздегі барша кәсіпкер азаматтарды Құрбан айттың құрметіне мал құнын қолдан көтермей, халықтың әлеуметтік жағдайын ескеріп, оңтайлы баға ұсынуға, жұртымыз күнде тұтынатын азық-түлікке мүмкіндігінше жеңілдік жасауға шақырамын. Құрбан айтты атап өтудің негізгі мақсаты – мұсылмандар арасында өзара мейірімділік, жомарттық, қайырымдылық, қанағат сынды адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Алланың рақым нұры төгілетін берекелі сәттерде халқымызға жақсылық жасап, көпшіліктің ризашылығына бөленейік.

Ардақты ағайын!

Алла қаласа, биыл елімізде құрбан шалу рәсімі офлайн және онлайн форматта өтеді. Діни басқарма ел азаматтарына, әсіресе қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасау мақсатында құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban2023.kz сайтына іске қосты. Барша мұсылман қауымын мүфтияттың «Раббың үшін құрбан шал» қайырымдылық акциясына үлес қосып, сауапты істерде белсенді болуға үндеймін.

Бүгінде әлем мұсылмандары Мекке қаласында қажылық жасауда. Солардың қатарында парызын өтеп жүрген 4 мың отандасымыздың ниеті мен дұғасы қабыл болып, елімізге аман-есен оралуын тілейміз.

Алла Тағала еліміз бен жерімізге берекесін жаудырып, шалған құрбандықтарымызды, берген садақаларымызды, айт күндері амалға асырған Аллаға ұнамды әрбір игі істерімізді қабыл етпей.

Әмин!

ҚАСИЕТТІ МЕЙРАМ

Ата-бабамыздан ұстанып келе жатқан асыл дініміздің ең ұлық мерекелерінің бірі – Құрбан айт мейрамы келіп жетті. Бұл – елдің бірлігін күшейтіп, өзара бауырластықты арттыратын мереке. Алла Тағала мұсылман жұртына нәсіп еткен бұл мейрамда мұсылмандар жуынып, таза да жаңа киімін киіп, хош иісті әтірін сеуіп, мешітке айт намазына келеді. Айт намазын оқып болғаннан кейін бір-бірін мүбәрақ мерекемен құттықтап, құшақ жайып, өкпе-реніші болса кешіріп, бауырмалдылықпен қауышады. Сондай-ақ, мейрамның аты айтып тұрғандай, Алланың разылығы үшін жүрегі ізгі жандар құрбандық малдарын сойып, етінен тұрмысы төмен отбасыларға таратады. Мүмкіндігінше садақасын да мұқтаж жандарға береді.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Бүгінде біз Құрбан айтта тек құрбан шалумен ғана шектеліп бара жатқандаймыз. Өйткені, бұл айтулы күнде демалыс күні бола тұра, елімізде мерекелік шаралар аз ұйымдастырылады. Кейбір жүрегінде иманы бар, жағдайы жақсы жігіттер танертең жамағатпен бірге айт намазын оқып, қасапханаға барып мал сойдырып, оны жок-жітікке таратып жатады. Ары қарай тым-тырыс. Осымен бітті.

«Құрбан» деген сөздің өзінің негізгі мағынасы «жақын болу, жақындау» дегенді білдіреді. Яғни Аллаға жақындау, оған мадақ айту деген сөз. Енді Аллаға жақындаудың, құлшылық жасап, ғибадат етудің мыңдаған түрлі жолдары бар емес пе? Мәселен, бұрынғы ата-бабаларымыз Құрбан айтты қалай тойлаған?

Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағында Құрбан айт туралы жазылған деректер кездеседі. Онда қасиетті мерекенің мән-маңызы, құрбандыққа қандай мал шалу, оның кімдерге міндеттілігі жөніндегі шариғат талаптары мен айт күндері араздасқан адамдар бір-біріне кешірім жасау керектігі жазылған. Қазақ халқы сонымен бірге, мағыналы ән-жыр айтып, алтыбақан теуіп, ұлттық салт-дәстүрді дінмен ұштастыра отырып, керемет қылып өткізген. Егер Құрбан айт көктемге тура келсе, тура Наурыз мейрамы секілді атап өткен. Ағаш отырғы-

МЕЙІРІМДІЛІК МЕРЕКЕСІ

Елдің бірлігін күшейтіп, өзара бауырластықты арттырады



зып, бұлақтың көзін ашып, айтыс өнерімен, термемен көпшілікті Аллаға құлшылық етуге шақырған. Жастарға үлгі-өнеге болатындай уағыздар насихатталып, түрлі бәйге-жарыстар ұйымдастырылған. Айт күні «айттық» айтып келген адамға сый-қәде ретінде жайнамаз, тақия, тәспі, кестелі орамал, зергерлік бұйымдар берілген. Тіпті, Кеңес Одағы дінге тыйым салса да, қазақ ауылдарында айт намазы оқылып, құрбандық шалынып, арнайы дастарқан жайылып, ата-баба рухына құран бағыштау дәстүрі сақталған.

Міне, көрдіңіз бе, ата-бабаларымыз Құрбан айтты қалай тойлаған?! Неге бізге осылай республика бойынша мешіттерде, концерттік залдарда, әрбір өңірдің орталық алаңдарында Құрбан айтты үлкен мерекелік шара ретінде өткізбеске? Жастарға үлгі-өнеге болатындай, тәрбиелік мәні зор, ғибадатты етіп өткізуге не кедергі? Құдайға шүкір, Тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болдық. Ата-баба дәстүрін ислам дінімен сабақтастыра отырып, жастардың бойына ұлттық құндылықтарымызды сіндіргеніміз жақсы емес пе? Құрбан айт туралы алдын ала көшелерге безендірулер, «Құрбан айт құтты болсын!» деген сияқты құттықтау сөздер іліп, Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтып, жастарға имандылық қағидаттарын түсіндіріп, оларды отансүйгіштікке, бауырмалдыққа, адамгершілікке баулысак, қандай тамаша болар еді.

Ақындардың дәстүрлі Ислам діні туралы, жалпы, жастарды патриоттыққа тәрбиелеу төңірегіндегі шығарған өлеңдеріне байланысты түрлі мүшәйралар ұйымдастырып, дін өкілдерінің уағызымен қоса, айтыскер

ақындардың дәстүрлі ислам дінін насихаттағанын, діни мазмұндағы театрландырылған қойылымдар көрсетсек, анағұрлым сауапты іс болар еді. Мектеп оқушыларының арасында Ахмет Ясауи, Абай, Шәкәрім, Мұқағали, т.б. ақындардың Алла Тағала, қасиетті Құран, сүйікті пайғамбарымыз жайлы толғаған шығармаларын жатқа оқығандарына сыйлық беріп, бәйге жарияласак, Құрбан айт келесіде жас өскіндердің сағына күтетін мерекесіне айналар еді.

Негізі, шариғат үкімі бойынша «егер әдет-ғұрып, салт-дәстүр шариғатқа қайшы келмесе, онда ол ислам дініне алынады» делінген. Демек, біздің ән-жыр айтып, алтыбақан теуіп, көкпар, бәйге ұйымдастырып, ұлттық дәстүр мен дінімізді сабақтастыра отырып мерекелегеніміз ешқандай шариғатқа қайшы емес.

Мемлекеттік деңгейде осының барлығын ұйымдастырып, діни іс-шараларды ұлттық дәстүрмен ұштастыра отырып жасаса, имамдар ондай жерлерге барып, уағыз айтуға әрқашан дайын ғой. Көрінген шетелдің әншілерін бөленбай мың долларға шақырып қаражат шығындағанша, осындай пайдалы істермен жас өскіндерге үлгі-өнеге, естерінде қалатындай етіп өткізсек, құба-құп болар еді. Бұл күні ресми демалыс болғаннан кейін басқа дін өкілдерін де, өзге ұлт пен ұлыстың да басын қосып, елдің елдігін, бірлігін, ынтымағын арттыратындай, ұлттық өнер мен ізгі дінімізді насихаттасак, нұр үстіне нұр болар еді.

Теолог ғалым Досай Кенжетайдың айтуынша, Құрбан айт тек қан шығаратын

мейрам емес. Мұны өз деңгейінде атап өту үшін мерекелік концерттер, рухани іс-шаралар, халыққа дінді насихаттау, ағартушылық жұмыстары қатар жүргізілуі керек. Бұлардың бәрі кешенді түрде атқарылуы жөн. «Өкініштісі сол, бізде барлығы жоғарыға қарай ауызды ашып, сол жақтан тапсырма күтетін психология қалыптасып қалған. Әйтпесе, діни агенттік немесе мүфтият ел мен елді біріктіру үшін, адамзатты ізгілікке, татулыққа шақыру үшін осы мерекені жоғары деңгейде өткізейік деп ұсыныс айтса, бастамашы болса, онда оларға ешкім қарсы шықпайтыны сөзсіз. Бұл жерде тек тиісті мекемелердің белсенділігі қажет», – дейді теолог ғалым Д.Кенжетай.

Қалай десек те, Құрбан айттың астарында үлкен мән-мағына жатыр. Құрбан айт – бұл ел арасындағы татулықты нығайтып, әрбірімізді кешірімді болуға үндейтін, адамдардың бір-бірімен бірлігін бекемдеп, қазақтың қонақжайлылық, ынтымақтастық, достастық, сыйластық секілді қасиеттерін арттыра түсуге себепші болатын ұлық мереке. Ендігі кезекте Қазақстанның бүкіл қалалары, аудандары, шағын ауыл-аймақтарына дейін осы айт мерекесінің ерекше көңіл күйін қалыптастырып, ұлттық, бүкіл халықтық деңгейде көтеруіміз қажет-ақ.

ТҮЙІН:

Дегенмен, халқымыздың 70 пайызы ислам дінін ұстанатынын ескерсек, онда бәрібір мемлекет қоғамнан, діннен алшақ бола алмайды. Сондықтан бұл реттегі мәселені мемлекет тарапынан қолға алмасак, істің нәтижелі болуы екіталай.



ТӨРТІНШІ БИЛІК

ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

негізгі күшке айналып отыр

Жаһанда журналист мамандығын білмейтін адам кемде-кем шығар. Егер оның кім екендігін айыра алмаса, онда барша өркениет пен мәдениеттен мақұрым қалғаны. Бүгінгі жаһандану процесі, қалыптасқан геосаяси жағдай, халық пен билік мүддесі, державалар текетіресі – бәріне ақпарат құралдары араласады. Өйткені, БАҚ идеология тетігі. Осыған орай, ғаламдағы аса қауқарлы ақпараттық ұйым, бірлестік, алпауыт редакция туралы 7 қызықты мәліметті ашық дереккөздерге сүйеніп, назарларыңызға ұсынамыз.

The New York Times

Нью-Йорк таймс – ғаламдық ең ықпалды басылым. Жаһандық БАҚ-ты айтқанда бұл газетті тілге тиек етпей тұра алмаймыз. Мұның себебі де бар. Бұл кез келген жағдайда жалтақтамай тура, дәл, сапалы жаңалықпен қамтиды. Сондықтан әлдеқашан әлем назарын өзіне бұрып, дегеніне иландырып үлгерген.

Бұл – америкалық газет. 1851 жылы 18 қыркүйекте негізгі қаланған. Күніге шығады. Басылым тілі – ағылшынша. Күндік таралымы – 571 500. Жалпы тиражы 3 миллионға жуықтайды. Сайтын 1 айда 30 миллион адам қарайды. Штаттық қызметкерлер саны – 1700. Қазіргі бас редакторы әйгілі публицист Джозеф Кан. Газеттің айдарлары: жаңалық, ой-пікірлер, бизнес, ғылым, спорт, өнер, сән әлемі, Нью-Йорк тынысы және т.с.с.

Бір қызығы, 1942 жылы өзінің таралымын сөзжұмбақ беру арқылы көбейтеді. 1946 жылы арнайы мода бетін шығара бастайды. 2009 жылы өздерінің бекітілген ережесін бұзады. Сөйтіп, түрлі-түсті бірінші беттің астына жарнаманы үйлестіруді қолға алады. 2012 жылдан әлемдегі ең көп сөйленетін қытай, португал тілдерін пайдаланады. Өртүрлі дағдарыстан шығу үшін бірде мексикалық, бірде америкалық магнаттар қаржыландырып тұрды. Негізгі табыс көзі тираж бен жарнама.

BBC

Би-Би-Си – ағылшын ақпараттық бірлестігі. Бүкіл әлемдегі №1-ші корпорация. Ұлыбританияға тиесілі. Әкімшілік орталығы Лондонда. Негізгі бағыты – телевизиялық. Сонымен қатар, интернет арқылы ақпарат жеткізеді.

1922 жылы радиостанция ретінде қалыптасқан. Сол уақыттан Ұлыбритания корольдігі 12 басқарушы тағайындап қойған. Солар мекемеге басшылық жасайды. Негізгі қаржы көздері – жарнама мен абоненттік төлемдер. 28 мемлекетке хабар таратады. BBC World Service радио қызметімен және BBC World News телеарнасымен танымал.

1932 жылдан бастап 36 тілде ақпарат береді. Жанры: поп-музыка, ақпарат, спорт, мәдени-ағарту және түрлі музыкалық ойын-сауық хабарлар. Сонымен бірге, деректі фильмдер жасау бойынша ең үздік орталық саналады. КСРО өмір сүріп тұрған кезде ағылшын барлау қызметімен бірлесіп антикоммунистік жұмыстар жүргізінгі.

Корпорация журналистері 2 түрлі сұрақ бойынша жұмыс істейді. Яғни негізгі және қосымша. Негізгі сұрақ міндетті түрде эфирден беріледі. Ал қосымша сұрақтар жауап беруші сұрақтан жалтарған кезде ғана қойылады. Сұрақтар қысқа, түсінікті қойылып, жауап анық болуы қажет. Сұхбат алған журналист талдау жасауға тиісті емес. Талап бойынша тыңдаушыға ақпарат берсе жеткілікті. Апталық хабар тарату көлемі 840 сағат. Дүниежүзілік қызмет бағдарламасының 120 миллионнан астам тыңдаушысы бар. Ақпаратты жылдам, сапалы, жедел беруден алдына жан салмай келеді.

CNN

CNN – дүние жүзіндегі ең қуатты, үздіксіз ақпарат тарататын бірегей жоба. АҚШ телеарнасының штаб-пәтері Атлантада орналасқан. Оның негізін 1980 жылы америкалық кәсіпкер Тед Тернер қалады. Әуелде Warner Bros компаниясына тиесілі CNN Global бөлімшесі ретінде ашылған. Дами келе CNN әлемде бірінші болып үздіксіз тәулік бойы жаңалықтар тарату тұжырымдамасын ұсынды. Хабар тарату тілі – ағылшынша.

Бүгінде әлемнің көптеген жетекші державаларымен тығыз қарым-қатынаста. Нью-Йорк, Лондон, Мәскеу мегаполистерінде бас кеңсесі бар.

CNN тарихындағы маңызды сәттердің бірі 1991 жылдың қаңтарында Парсы шығанағы соғысын көрсетуі еді. Алғаш рет ауқымды соғыс теледидардан тікелей көрсетілді. Содан кейін бұл арна Ирак соғысының бір кезеңін – 2003 жылдың наурыз-сәуірінде Бағдадқа жасалған шабуылды тікелей эфирде таратты. Осы Парсы шығанағындағы телехабарлары халықаралық беделін нығайтты.

2005 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша ол – 14 түрлі кабельдік және спутниктік жаңалықтар арнасынан, 2 радиостанциядан, 6 интернет сайтынан және 37 шетелдік бюродан тұратын деңгейге көтерілді. CNN жаңалықтары 38-ші ғарыштық спутник арқылы таратылады және 193 елдегі 200 миллионнан астам көрерменге қолжетімді. Дүние жүзінде журналистер саны – 4 мыңға жуық. Әлемдік рейтингте – екінші орында тұр.

Синьхуа

Синьхуа ақпарат агенттігі 1931 жылы қарашада «Қытайдың қызыл ақпарат агенттігі» ретінде құрылды. Оның қазіргі

атауы 1937 жылдан бері бар. 1944 жылы ағылшын тілінде халықаралық хабар тарату басталды. Синьхуа агенттігінің штаб-пәтері Қытай Халық Республикасының астанасы Бейжіңде орналасқан.

Бүгінгі таңда Синьхуа агенттігінің жаңалықтары Азияның, Таяу Шығыстың, Латын Америкасының және Африканың көптеген елдеріне таралады, сонда бюрлары орналасқан. Синьхуаның 100-ден астам бөлімшесі бар.

Синьхуа Қытай, ағылшын, француз, орыс, испан, араб және жапон тілдерін қоса алғанда, жеті тілде хабар таратады.

Азиядағы ең қауқарлы әрі ықпалды, көлемі жағынан аса ірі агенттік болып табылады. Оған көптеген телеарна, интернет басылым, газет-журналдар сенімді дереккөз ретінде сілтеме жасайды. Осының өзі алпауыт агенттіктің беделін арттырып отыр.

Bloomberg

Блумберг – американдық компания. Ақпараттық агенттік – қаржы нарығын кәсіби түрде сараптап-сараптап жеткізушілердің бірегей платформасы. Оны 1981 жылы Майкл Блумберг құрған. Бизнесмен 2008 жылдың шілдесінде кәсіпкер Мерли Лунчка компанияның 20%-ын сатады. Ал қазіргі таңда негізін қалаушы Майкл Блумберг – 88% акцияға ие.

Штаб пәтері – Нью-Йоркте. Ақпарат жеткізу тілі – ағылшынша.

Бастапқыда агенттік бизнесі тек деректер базасы мен оларды талдау құралдарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге негізделді. Кейін агенттік терминалдары биржалық баға белгілеуіне арналған электрондық жаңалықтар қызметі ретінде қолданыла бастады. 1990 жылға дейін олар үшін мәтін түріндегі жаңалықтарды Dow Jones & Company ақпараттық агенттігі Telerate сатып алғанға дейін де жеткізіп тұрған. Содан кейін ол Bloomberg-пен келісім-шартты бұзды. Бұндай ахуал Bloomberg-тің жеке жаңалықтар қызметі Bloomberg News Service-тің құрылуына түрткі еді. Содан кейін ол Bloomberg news халықаралық қаржы және іскерлік ақпарат агенттігіне айналды. Қазір Bloomberg тобына ақпараттық агенттік, веб-сайт, тәулік бойы жұмыс істейтін спутниктік арна, радиостанция, журналдар және кітап баспасы кіреді. Алайда, жалпы кірісінің 95%-ын агенттік терминалдары әкеледі. Терминалдар саны 2017 жылы әлемде 320 мыңнан астам болды. Олар барлық ірі инвестициялық компаниялар мен басқа да бизнес құрылымдарында орнатылған. Бүгінгі күні экономикалық, қаржы, биржа саласын зерделеу бойынша көш бастап келеді.

Reuters

Рейтер – әлемдегі ең ірі халықаралық ақпарат және қаржылық ақпарат агенттіктерінің бірі. Тарихы сонау XIX ғасырдың ортасынан тамыр тартады.

Агенттіктің негізін 1851 жылы журналист Мол Юлиус Рейтер қалаған. Тұңғыш бас кеңсесі Лондонда ашылды. Оған қозғау салған Париждегі мұнараның салынуы еді. Соның арқасында жұмысы жанданды. Кейіннен тарихи оқиғалар араласа бастайды. Бірінші болып 1865 жылы Америка Құрама Штаттарының 16-шы Президенті Авраам Линкольнге қастандық жасалғандығын хабарлады. Сондай-ақ, Дональд Трамптың әкімшілігі БАҚ-қа дұшпандық көзқарас танытқаннан кейін Reuters қызметкерлері Ақуіге манифест жолдады. Манифесте сөз еркіндігі мен азаматтардың құқықтары тапталмау керектігі ашық жазылған.

Осы әулеттің Маргарет Рейтер есімді соңғы ханым 2009 жылы дүниеден өтеді. Агенттікте 91 елде 14 000-нан астам қызметкер бар, оның ішінде 2300 журналист, фототілшілер және бейнеоператорлар қызмет етеді. Reuters агенттігінің дүние жүзінде барлығы 197 бюросы бар.

TRT

Бауырлас Түркия елінде де ең атақты Бұқаралық ақпарат құралдары бар. Соның бірегейі – TRT. Қазақшаға тәржімалағанда, Түрік Радио Телевизиясы болып аударылады.

1964 жылы 1 мамырда Түркияның 1961 жылғы Конституциясының 121-бөліміне сәйкес, 1963 жылғы 24 желтоқсандағы №359 бабына сәйкес Түрік Радио Телевизиялық Корпорациясы (TRT) автономды мемлекеттік мекемесі болып құрылды. Құрылған күні барлық активтер, міндеттемелер, радио және теледидар хабарларын таратуға арналған құқықтар мен лицензиялар TRT-ға берілді. Бірнеше жыл бойы атқарылған іс-шаралар мен жұмыстардың нәтижесінде, 1968 жылы 31 қаңтарда сынақтық режимде TRT арнасы ел астанасы Анкарадан хабар тарата бастады. Кейінірек 1970 жылы Измир қаласында, одан кейін 1971 жылы Стамбулда хабар тарату студиясы ашылды. 1982 жылдан бастап Евровидение ән байқауын көрсетеді. 1984 жылы түрлі-түсті форматтағы бейнеде шықты. 2012 жылы бюджеті ұлғайды.

Негізгі бөлімдері: жаңалық, білім, түрік елі, спорт, музыка, балалар әлемі және т.б. Ғаламтордағы нұсқасы бар. Орыс, түрік, ағылшын тілдерінде әлемге тарайды. YouTube желісінде TRT World версиясы жұмыс істеп тұр. Интернет арнасына 3,45 миллион адам тіркелген.

Бұл арна түркі әлемінің ең негізгі ақпарат құралына айналды. Бүгінде түрік тілі бауырлас түркі халықтарына ортақ тіл болып отыр. Сол себепті де, түркі тілдес халықтар көптеп қарайтыны анық. Қазіргі таңда халықаралық аренада беделі артып келе жатқан бірден-бір телеарна.

Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

ЖУРНАЛИСТИКА МАМАНДЫҒЫ

қиындығы мен қызығы қатар жүретін, көп ізденісті талап ететін сала

28 маусым – БАҚ өкілдерінің мерекесі. Бұл күнді ерекше әспеттеу керек. Себебі, журналистің 364 күні жұмыспен өтеді. Ал 1 күн ғана мереке ретінде аталып өтеді.



Жаратқан берген сый

Журналистика – былай бір қарағанда жеңіл-желпі көрінуі ықтимал. Біреулер журналистер көргенін жазып, естігенін айтты деп ойлайды. Ол сырт көзге солай. Әйтпесе, бүкіләлемдік журналистиканың тарихына зер салайықшы. Ең ауыр, ең тағдырлы, ең қауіпті әрі жоғары мамандық болып табылады. Мемлекеттік мүдде мен халықтық мұраны тоғыстырған сала. Болашақты да саралап, сараптап ұсынады. Ал оған екінің бірінің өресі де, машығы да жете бермейді. Ол үшін әу баста Жаратқан берген сыйы, табиғи дарын, қарым-қабілет болуы керек. Қабілетіне қарай қай тұстан көрінерін байыптаймыз. Яки, көпшіліктен, халықшылдықтан, ұлтшылдықтан, мемлекетшілдіктен, адамзатшылдықтан осы қасиеттер шығады. Ал қарабасының қамымен жүрген адам ондай мықты журналист бола алмайды.

Қазір ақпаратты жас та, жасамыс та бере алатын болды. Бірақ қай заманда да тасқа басылып тарихта қалатын ақпараттың арғы жағында адам, қоғам, тарих тұратынын сезіну қажет. Әрбір әріптің артында үлкен жауапкершілік жүктеледі. Әр сөздің қадірін біл. Бұрынғылар «отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» деген. Қазіргі заманда отыз рулы елге емес жаһанды жайлайды. Сондай кезең туды. Журналист елдің адамы дер едім.

Ұлттық мүддені ұлықтайды

Журналистика мамандығына үлкен жауапкершілікпен қарайтын талап қай кезеңде де төмендеген емес. Бұрын бізге «орыс, шетел журналистикасы дамып кетті» дейтін. Сөйтіп, салыстыратын. Біздікін «кейіндеп қалды» деп сынайтын. Негізі, бұл да қате. Қай тұрғыдан айтатынына үңілейік. Яғни заманауи технологияларды игеруден кешеуілдеп келеді деп айтса керек-ті. Әйтпесе, ұлт пен өз мемлекетіне қызмет етуден кейіндемеді. Қазақ журналистикасы осы тұрғыдан келгенде бірде-бір шетел журналистикасынан кейіндеп қалған жоқ. Өз заманының, өз рухының міндетін қашанда биік орындады. Ұлттық мүдде тұрғысынан келгенде, ұлттық журналистика әлдеқайда биік бола білді.

КСРО кезеңінде қызыл империяның қылышынан қан тамып тұрды. Цензура қатты болды. Сол кездің өзінде қазақтың ұлттық намысын оятып, менталитетімізді таптаптауға тырысты. Сонда да қазақ журналистикасы қазақ тілін сақтап қалуға үлесін қосты. Қазақы ділді, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты сақтауға бірінші қызмет етті. Баспасөздің алғашқы беттерінде амалсыз мәжбүрліктен КПСС, қызыл империяның айтқанын, қаулы-

қарарларын басты. Қалған беттерінде ұлттық рух, халықтық мұратқа қарай қызмет жасады. Бұл – рас!

Өз уақытында қазақ газеттері шығып тұрды. Оның бетінде мысалы, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкеев, Шерхан Мұртаза, Камал Смайылов, Кәдірбек Сегізбаев, т.б. қазақша жазу арқылы қазақылықты сақтап қалды. Осы үлкен шоғырдың өзі ұлттық мүддеден шалт кетпеді. Олардың алдындағы толқын Алашорданың қайраткерлері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатовтар еді. Диктор Әнуарбек Байжанбаевтың дауыс ырғағы өз алдына бір төбе болатын. Қазақы үнде сөйлеуі сондай ғажап-тұғын. Сауық Жақанованың сөйлегені арқылы қазақшылдық ұғымды терең түйсінуге болады. Олардың үні әрбір құлаққа, әр жүрекке сіңіп жатты.

Кенес Одағының құрсауы сөгілді. Әлемдік өркениетке есік ашылды. Тәуелсіздіктің ақ таңы атты. Сонымен бірге, жаңа технологиялар келді. Жұрт жаңаша ойлай бастады. Әрине, басқа да ұғым түсініктер кірді. Ақпараттық қауіпсіздікті ойлап, жаһандануға қауқар көрсеткен ұлттық журналистика болатын. Қазір де сол мүдде, сол бағыт. Елге, қоғамға қызмет ете береді. Әділ, адал ақпарат беру шарт. Ақпарат шынайы, жедел болса, жетер жеріне жетеді. Сондай-ақ,

түсінікті, ұғынықты, нақты болсын. Баяғыда сенсация қуу керектігін айтатын. Ол қазір қалды. Дабыра-дақпырт кейінге ысырылды. Біз кімнен кембіз, әлемдік деңгейде қай жерде қалдық немесе оздық дегенді ойланатын, соған қарай әрекет қылатын шақтамыз. Заманауи технологияларды ұршықша үйірдік. Одан кенде емеспіз. Ешнәрседен қалыс қалмадық. Бірін айттып біріне кеткен болармыз. Әйтсе де, осының бәрі жауаптылықтан туады дейміз.

Журналист жарлы болмауы керек

Қазақ журналистері ұдайы жалақыға жарыған емес. Мемлекеттік мерекенің тең жарымында сыйақы аласа, үстемақы, бонус төленсе жарасады ғой. Тілшінің күндіз де, түнде де демалмайтын кездері болады. Егер қаламақы мардымсыз болса, отбасы түгілі өз басын қайтіп асырайды?! Осы мәселені айттып, жазып жүрміз. Әлі сең қозғалар емес. Журналисті жарылқамай іс өнбес. Ұжымдағы жас журналистерді ынталандыру қажет. Қаржылай қолдап, демеп қойсақ, тілші бір жасап қалады. Өйткені, қазіргілерді ипотека, бітпейтін кредит, тұрмыс қысып барады. Осыған әрбір ұжым, әрбір мекеме баса назар аударып, шешіс басқалар содан үлгі алар еді. Бүгінде ең аз қаржы төленетін мамандыққа айналды. Бұрын мұғалімге күлуші едік. Қазір өзіміз жарымай жүрміз. Журналистің жанын журналист болып істеген жан түсінеді.

CNN, BBC секілді әлемнің түкпір-түкпірінде өз тілшілерімізді ұстауға болар еді. Алайда, қол қысқа, бар мәселе қаржыға тіреледі. Дегенмен, жоқтан бар жасайтын журналистика ғой – бұл! Біз Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Журналистика факультетін 7 жыл басқарғанда біраз игі дүниеге мұрындық болдық. Алғашқы жылдары ағылшын тобын құруда қиындық болды. Бүгінде ағылшын тілін меңгеріп келген абитуриенттер оқуға түсіп жатыр. Ағылшын тіліндегі топтарды еркін құрамыз. Демек, олар қазақ ұлтының салт-санасын, дүниетанымын әлемге жаятын журналистер болады деп сенеміз.

Журналист жұрт қызығатын мамандыққа айналса екен. Соны тілейміз. Жастар қаржыны көп төлейтін салаға барады. Газетте істесе, көлемді, өзекті материал жазса да жариялай алмай әбгерге түспеуі керек. Өйткені, жас журналистерді қанаттандыру арқылы, болашаққа серпін береміз. Жан-жақтан қысып, жүрген тұрғанын аңдымайық. Өз жұмысын істеп, берілген тапсырманы орындап жүрсе жеткілікті. Капиталистік қоғамда жан бағу азап. Сондықтан журна-



лиске шығармашылық еркіндік жасайық. Жан бағу үшін, отбасын асырау үшін қанша жерде істесе де, мүмкіндік берейік. Бастысы, өз ісіне адал болса болғаны.

Қазақылықты сақтап қалды

Ойымды алыстан сермеп, дәйекпен жүйелеп айтайын. Осы күні ағылшынды жетік меңгеруден кенжелеп қалған жоқпыз. Тіпті, ағылшын тілінде келіп тұрған ұғым-түсініктерді де біліп тұрмыз. Полиглоттар көбейді. Тек қана затпен, затымен келген ұғымдарды қазақшалаудан кенжелеп келеміз. Интернеттен келген атау мен атаулар бар. Кірме сөздердің қазақ тілінде баламасын таппасаң, тілдік қорды тежейді. Айтылуы мен жазылуы қиынға соғады. Тілдік норма бұзылады. Латын әліпбиіне көшеміз бұйырса. Бұл – орынды. Әуелі қазақша емілені жасап алып, барып көшейік. Жаңа технологиялармен бірге жаңа аталымдардың санаға сіңуіне қазақ журналистикасының үлкен үлесін қосып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық журналистика төңірегінде топтасу қажет. Кезінде Ислам Жарылғапов, Шона Смаханұлы деген аудармашылар өткен. Олардың сіңірген еңбегі ерен. Алаш ардақтылары бастап Ахаң қостап сырттан келген сөздердің бәріне балама тауып сөздік шығарды ғой. Олардың жасағаны дұрыс еді. Менің білуімше, Қытайда сырттан келген түсінікті бірден қытайшаға аударады. Қытай тілінің қолданысына енгізеді. Бізде солай істесек жөн болар еді-ау.

Әрине, аударуға келмейтін сөздер жетерлік. Қалай айтылса, солай жаза салу керек. Мәселен, Москва – Мәскеу болып кетті. Сол сияқты машинаны – мәшине дейік. Компьютерді – кәмпитер десек не келергі?! Мына тұрған орыстың өзі біздің аты-жөнімізге дейін өзіне бұрып айтады. Сондықтан бұл жағын да ойланайық.

XIX ғасырдың екінші жартысында, XX ғасырдың басында ұжымдастыру, озбырлық саясат жүрді. Сол кезде конфискация – кәмпеске болды. Бертін келе ботинка – бөтенке болып кетті. Ал самовар – самаурын дей салдық. Қайта сөздік қорымыз көбейді. Жаппай, толассыз келіп жатқан сөздердің айтылуына қарай жазып, екемдей берейік. Сонда тіліміз толыға түседі. Ойбай, мынау халықаралық термин, аударуға болмайды дегенге қарсымын. Тәржімаға келмесе, тілдік қазағымызға салып, қайнатып-қайнатып қайта қолданайық. Ешкім бізге аудармасын деп заң талап беріп қойған жоқ. Сол себепті де, тіл, діл, дін, дәстүрдің сақталуына бірден-бір қызмет еткен ол – журналистика.

Мамандығына қарама, дарынын бағала

Мұны бос сөз деп білемін. Журналистиканың өзін ғылымға айналдырып жіберуге болады. Мысалы, публицистика көп зерттелмеген. Осы күні «заман сөз» деп атаймыз. Біз соны жарытып зерделемедік. Ғалым Тауман Амандосовтардан кейін назар аударылмаған. Сол күйінде қалды. Әйтпесе, газеттегі «заман сөз» ол әдебиет пен тілден бөлек тұрады. Осыны ұлт ұстазы Ахмет

Байтұрсынұлы «шешен сөз», «көсем сөз» деп бұтартып берді. Әлі де өзінің заңдылықтарын, ережесін, теориясын қайта зерттейтін нәрсе көп. Егер шындап журналист осыған берілер болса, ешкімнен кем теориялық жұмыс жасамайды. Бәлкім, қазалап келіп, жаңалық тауып алуға ғажап емес. Ғылым дегеннің өзі – жаңалық ашу. Журналистика да сол ақиқатқа қол жеткізуді дйттейді. Ғалым болу адамның қабілет-қарымына байланысты. Мамандығына тіреліп қалған ешнәрсе жоқ. Ол сушы болса да, бірақ іздене берсе ғалым болып шығады ғой. Мәселе ізденушінің істеген ісінің нәтижесіне байланысты деп ойлаймын. Ғалымның істеген ісін халық қолданып жатса, сонда ғана ол нағыз ғалым атанбақ. Ал 10 том монография жазып жұрт қолданбаса несіне ғалым? Тағы да Ахаңа орлайық. Ұлт ұстазы да газет шығарды. Олардың жазып қалдырған жауһар мұралары бәрінен артық. Сондықтан журналистен ғалым шықпайды деп кесіп айту негізсіз. Мұндай жаңсақ пікірлерге қосылмаймыз. Журналистен ақын да, ғалым да, ел басқарған көсем де шығады. Мұны тарих мың мәрте дәлелдеді.

Дүниеге қайта келсем, журналистиканы қайта таңдаймын

Өлгінде еңбектің бағалануы турасында айттып өттім. Айта да беруге болады. Байқап қарасаныз, журналистер бәрінің алдында, барлық сананың көз алдында жүр. Әлеуметтік желілерді де пайдаланады. Сөйтіп, халыққа ақпарат жеткізетін болды. Дүние жүзіндегі небір оқ пен оттың арасында жүреді. Қырғи-қабақ соғыс болып жатқан аймақтардан хабар таратады. Сол журналисті үйінде күтіп отырған отбасы, жақын туыстары бар. Тіпті, қаланың бір бұрышында оқыс оқиға болса, сонда аттанады. Редакциядан тапсырма түсті, ол сонда аттануы керек. Көптеген қиын жағдайда журналистің өмірі қыл үстінде тұруы мүмкін. Журналистика – тағдырлы мамандық. Иә, көбісі, сынап-мінеуі ықтимал. Алайда, осы мереке қарсаңында БАҚ өкілдерінің еңбегі еленіп бір жасап қалып жатады. Жарықтық Шераған «Журналистің жегені – жантақ, арқаалағаны – алтын» деген еді. Тауып айтқан екен.

Мен өзім журналист деген мамандықты таңдағанымна қуанамын. Соған мәз болам. Сондай-ақ, қанаттанып, мақтанамын. Алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай ағам айтқандай, егер де өмірге қайта келіп мамандық таңда десе, журналистиканы таңдар едім. Маған біреулер «ой ғалым екенсіз, ақырсыз, этнографсыз» деп айтатын шығар. Мүмкін істеген ісіме қарап айтатын болар. Менің жүрегімде журналист деген ұлы мамандықтың тұрғанына қуанам. Арманымна адал болғанымна ризамын. Сол мені алға қарай жетелеп келе жатыр. Журналистер жасасын!

Сағатбек МЕДЕУБЕК,
филология ғылымының кандидаты,
ғалым, ұстаз, ақын.



ӨНЕР

«КӨШПЕНДІЛЕР ӘУЕНІ»

Құрманғазы оркестрі Рим тұрғындарын тәнті етті



Қазақ халқы үшін домбыра ұлттық аспап қана емес, оның ары мен бары, қасиеті мен киесі. Біздің бабамыз домбыраға үкі тағып, төріне ілген. Күйшілерді төредей күтіп, төбесіне көтерген. Айтпақшы, қазақтың киіз үйі, қара домбырасы және айтыс өнері бүкіл әлем елдерінің ең ежелгі мұралары ретінде ЮНЕСКО тізіміне енген.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

КҮНТІЗБЕДЕГІ АЙТУЛЫ КҮН

Ұрпақтан-ұрпаққа бабалардың үнін жеткізіп, ұлы даланың сазды сарынын жырлаған домбыра Күнтізбемізге енгізіліп, Қазақ елінің төрінде 2018 жылдан бері барлық сән-салтанатымен атап өтіліп келеді. Биыл 2 шілде – Ұлттық домбыра күні. Осы айтулы күн қарсаңында Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрінің директоры Медет Қуанышев пен бас дирижер Абылай Тілепберген оркестр жетістігі туралы әңгімеледі.

Өнер өкілдерінің сөзіне сүйенсек, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрінің мерейтойлық 90-шы маусымы кең көлемде аталып өтпек. Ұлттық домбыра күні мен халық композиторы Құрманғазы Сағырбайұлының 205 жылдығы қарсаңында оркестр бірқатар ауқымды қойылым жоспарлауда.

«Биылғы жылды біз Құрманғазы Сағырбайұлының 205 жылдығын мерекелеуден бастадық. Ұлттық және әлемдік классика туындылары, сондай-ақ музыка шебері, халық композиторы Құрманғазы

ның үздік туындылары орындалған ауқымды концерт ұйымдастырылды. Әрбір ұйымдастырылған іс-шара Құрманғазы Сағырбайұлының 205 жылдығы мен ұлттық оркестрдің 90 жылдығын мерекелеу аясында өтуде», – деді М.Қуанышев.

СОЛАҚАЙ ДОМБЫРАШЫЛАР ӨНЕР КӨРСЕТЕДІ

Ұлттық домбыра күнінде оркестр республика астанасында ұйымдастырылатын іс-шараларға қатысады. Оркестр ұжымындағылар екі мерейтойды ескере отырып, арнайы қойылымдар дайындалатынын атап өтті.

«Биыл Домбыра күніне арналған концерттік бағдарлама Құрманғазы атындағы оркестр мен Н.Тілендиев атындағы «Отырар сазы» академиялық оркестрінің қатысуымен өтеді. Көрермендер елімізде танымал дирижерлердің жетекшілігімен танымал артистердің, соның ішінде Айтқали Жайымов, Дінзұхра Тілендиева, Руслан Баймурзин және басқалардың өнерлерін тамашалай алады. Бағдарламаның басты ерекшеліктерінің бірі – солақай домбырашылардың өнер көрсетуі болады. Өйткені, әдетте бұл аспапта оң қолмен ойнайды. Сондай-ақ, Халық артистері Секен Тұрысбеков, Ерлан Рысқали және Айгүл Қосанова өнер көрсетеді», – деді оркестрдің бас дирижері Абылай Тілепберген.

Сонымен қатар, шығармашылық ұжым алғашқы ұлттық оркестрдің тарихын баяндайтын бірқатар бейнематериал мен кітап шығаруға ниетті.

«Біз оркестрдің ғасырлық тарихын әртүрлі бейнематериалдарда, кітап басылымдарына түсіріп, оркестрдің бүгінгі күнге дейінгі даму тарихы жайлы айтып бергіміз келеді. Бастауында тұрған музыканттармен, дирижерлермен таныстырсақ дейміз. Қазіргі уақытта біз мұрағаттық материалдармен жұмыс істеп жатырмыз. Концерттік өмірден бос уақытты осы жұмысқа арнаймыз», – деді А.Тілепберген.

Бүгінде 90-ға жуық музыканты бар, репертуарында 4000 туындысы бар Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрін ең алғаш 1934 жылы академик Ахмет Жұбанов Алматыдағы Музыкалық драма техникумы (қазіргі Алматы музыкалық колледжі) жанынан домбыра ансамблі ретінде құрған. Оның құрамында 11 адам болыпты, ал музыкалық аспаптарынан тек альт-домбыралар пайдаланылып, халық күйлері мен әндері орындалған.

Оркестр Құрманғазы есімін 1944 жылы иеленді. Оркестрге кезінде М.Төлебаев, Н.Тілендиев, А.Мырзабеков, Л.Хамиди, Қ.Мусин, Л.Шаргородский дирижерлік етті. Гастрольдік сапармен ТМД елдерінің көптеген қаласында, шетелдерде – Қытайда, Румынияда, Венгрияда, Польшада, Финляндияда, т.б. елдерде болды.

ҰЛЫ ДАЛА ҮНІ

Жуырда Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрі «Көшпенділер әуені» атты гастрольдік сапармен Еуропаның элитасы болып саналатын Италияның Рим қаласында болып қайтты. Оркестрдің 90 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған ауқымды концертте Ұлттық оркестрмен қатар, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Батыржан Мықтыбаев, дәстүрлі әнші Сержан Мұсайын, халықаралық конкурстардың лауреаты Әсел Рақымжан, Ақайша Жұрбай, Raffaele Collienza, Рим қаласындағы Санта Чечилия музыкалық консерваториясының түлегі Лаура Али өнер көрсетті.

«Ұлттық оркестр бұған дейін әлемнің 90-ға жуық мемлекетінде өнер көрсетіп, қазақтың төл мәдениетін, төл музыкасын, «Қазақ» деген ұлы елдің бар екенін ұлттық музыкалық аспаптардың әуезді үнімен танытып келеді. Ал биыл әлемдік классиканың отанына айналған Италия жерінде кезекті гастрольдік концертімізді өткізу бұйырыпты. Бұл – биылғы шетелге ұйымдастырылған екінші гастрольдік сапарымыз. Осы гастрольдік сапарда Құрманғазы оркестрінің мерейлі 90-шы маусымының шымылдығы түрілді. Біздің ауқымды деңгейдегі концертімізге қолдау білдірген ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне және ҚР Италия Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Ерболат Нәсенұлына, ҚР Сан-Марино мемлекетіндегі құрметті консулы Pomponi Giovanni мырзаға Құрманғазы оркестрінің ұжымы атынан алғысымызды білдіреміз», – деді оркестрдің бас дирижері Абылай Тілепберген.

Ал оркестр директоры Медет Қуанышев: «Бұл гастрольдік сапар Құрманғазы оркестрінің Италияға жасаған алғашқы сапары емес. Бұған дейін 1976 жылы композитор Ғазиза Жұбанованың бастауымен Рим, Милан, Неаполь қалаларымен қатар, Сардиния, Сицилия аралдарында қазақ өнерін насихаттады. Ал биылғы гастрольдік сапарды Италияның астанасы Рим қаласынан бастадық. Неаполь, Флоренция қалаларында ауқымды деңгейдегі сапар жалғасын табады. Ұлттық музыкалық мұраны осылайша күллі әлем халықтарына паш етіп, ұлттық аспаптардың көмейінен шыққан сазды әуенмен ұлт мәдениетін таныту – Ұлттық оркестрдің басты парызы», – деді.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ – 130

Биыл Алаш қайраткері, ақын ақын Мағжан Жұмабаевтың дүниеге келгеніне 130 жыл толды. Қазақтың асыл азаматтарының бірі Мағжанның мерейтойына орай таяуда «Jibek Joly» телесарнасында арнайы шығарылым көрсетілді.



«ЖАРАЛЫ ЖОЛБАРЫС»

Мағжан Жұмабаевқа арналған шығарылымдар жарық көрді

Бағдарламада ақынның өзі туралы, оның соңғы фотосуреті туралы баяндалған. Саяси қуғын-сүргін салдарынан Мағжан Жұмабаевтың соңғы суреті Владимир Лениннің портретінде жасырылған. Өйткені, сол заманда пролетариат басшысының портретіне ешкім қол тигізбейтін.

Мағжан Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Булаев, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданында дүниеге келген. Ол ауыл молдасынан сабақ алады, кейіннен 1910–1913 жылдары Уфа қаласында «Ғалия» медресесінде оқиды. 1913–1917 жылдары Омбыдағы мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқып, оны үздік бітіреді. 1923–1926 жылдары Мәскеуде көркем әдебиет институтында оқиды. 1927–1929 жылдары Бурабайда, Петропавлда оқытушылық қызметтер атқарған.

1912 жылы Қазан шаһарында Мағжанның «Шолпан» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Ол – «Батыр Баян», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобыз», «Өтірік ертегі», «Шын ертегі» поэмаларының авторы. Кеңес жылдары екі өлеңдер жинағын жариялады. Алғашқысы 1922 жылы Қазанда, екіншісі Ташкентте басылып шыққан.

Жастарды оқу, білімге үндеген қаламгер педагогика саласында да біраз еңбек жазды. Оның мектеп оқушыларына, мұғалімдерге арнап жазған «Педагогика», «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» деген еңбектері өте құнды.

1929 жылы Жұмабаев «Алқа» атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесілген. 1936 жылы М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға оралып, Петропавл қаласындағы мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берген. 1937 жылы наурызда Мағжан Жұмабаев Алматыға келіп, аударма ісімен айналысқан. 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді.

Биыл ақынның мерейтойына арналған жиын ақынның туған жері Солтүстік Қазақстан облысы, М.Жұмабаев ауданының Сарытомар ауылында өтті. Оған Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов арнайы барып, Президенттің құттықтау хатын оқып берді. Мереке аясында облыста халықаралық ақындар айтысының финалы, ат спорты мен қазақша күрестен жарыс өтті. Солтүстік Қазақстан облысында 2023 жыл – Мағжан жылы деп жарияланды. Сондай-ақ, Петропавлда «Мағжан. Жаралы жолбарыс» тарихи телехикаясы түсірілді. 4 бөлімнен тұратын көркем фильمنىң әр бөлімі 50 минуттан тұрады, Басты рөлді актер Мейірхат Амангелдин сомдады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АҒА мен ІНІ немесе домбыра туралы аңыз

Домбыраның шығу тарихы туралы бірнеше аңыз бар. Солардың ішіндегі біреуіне тоқтала кетейік.

Ерте заманда Алтайда екі ағайынды өмір сүріпті. Кішісінің қолынан домбырасы түспейтін болған деседі. Ол ойнаған кезде айналасын түгел ұмытатын көрінеді. Ал ағасы тақаппарлау болыпты. Ол бірде атақ-абырой жинағысы келіп, өзен үстіне көпір салмаққа ниеттенеді. Сөйтіп, тас жинай бастайды. Көпірінің алғашқы тасын да қалай бастайды. Ал інісі күндіз-түні домбырасын шертіп отыра береді.

Сонымен, күн артынан күндер сырғи береді. Інісі ағасына қолғабыс етуге асықпайды, тек сүйікті аспабының қызығымен таң атырып, кеш батырады. Қатты ашуланған ағасы інісінің қолынан домбырасын жұлпып алып, бар күшімен оны тасқа ұрып кеп қалады. Әлгінде ғана шанағызан әуені төгіліп тұрған домбыраның үні өшеді сол жерде. Бірақ таста ізі қалып қойған екен. Арада талай жылдар өткенде адамдар сол ізді тауып алып, соның ізімен жаңа домбыралар жасай бастаған көрінеді. Ал көптен әуенсіз қалған ауылда қайтадан музыка үні естіле бастаған деседі.



САЛАУАТТЫ ӨМІР

ДӘСТҮРЛІ МАРАФОН

Алматыда «Медеу» бөгетіне дейінгі баспалдақ бойынша жыл сайынғы жарыс ұйымдастырылды. Осылайша дәстүрлі спорттық іс-шара биыл да жалғасын тапты.

Іс-шараға барлық жас санаттары мен дайындық деңгейі бар қала тұрғындары мен қонақтары қатысты. Сайыста аудан әкімдері де өз бағын сынап көрді. Ешқандай шектеу қойылмады. Әртүрлі жас санаттары үшін 100, 200, 500 саты және толық 842 сатылық

деңгей қарастырылған. Финалистер мен жүлдегерлер медальдармен, дипломдармен және ұйымдастырушылардың естелік сыйлықтарымен марапатталды. Іс-шараға келіп қатысушы, көрермен ретінде қызықтаушылар көп болды. Таңғы тау самалымен тыныстап, спорттық марафонға белсенді түрде араласты.

– Біздің көңіл күйіміз шат-шадыман. Арнайы марафонға қатысу үшін барымды салдым. Тұрақты түрде 6 ай бойы спорт залдарында шынықтым. Онда көбінесе жүгірумен шұғылдандым. Жалпы менің мақсатым – салауатты өмір салтын ұстану, – деді қатысушы Шахмардан Қанағат.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



СПАРТАКИАДА



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Республикалық жарыстың бірінші күні Алматы Орталық стадионында өтті. Спартакиада дене шынықтыруды, спортты насихаттау және салауатты өмір салтын қалыптастыру, сондай-ақ рейтингтік халықаралық турнирлерге, оның ішінде Париж, Францияда өтетін 2024 жылғы XXXIII Жазғы Олимпиада ойындарына қатысу үшін Қазақстан Республикасының құрама командаларын жасақтау мақсатында 4 жыл сайын ұйымдастырылады.

Жарысқа 275 спортшы қатысты. Олардың ішінде 164-і ер адам және 111-і әйел. Спартакиада бағдарламасында орта және ұзақ қашықтыққа жүгіру, секіру және лақтыру бойынша ерлер мен әйелдерде 20 медаль жиынтығы ойналды.

Павел КУКИН,
ҚР Женіл атлетика федерациясының атқарушы директоры:

– Жарысқа еліміздің барлық өңірінен, 17 облысынан 20 команда қатысты. Жалпы 40 жұлде жиынтығы бар. Бағдарламаға 4-тен 100 метрге және 4-тен 400 метрге дейін эстафеталық жүгірудің 5 командалық пәні, сондай-ақ 4-тен 400 метрге дейінгі аралас эстафета (команда құрамында 2 ер адам және 2 әйел) енгізілген.

ТЕННИС

РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

Александр Бублик әлемнің 27-ракеткасы атанды



Кәсіби теннисшілер қауымдастығы (АТР) мен Әйелдер теннисі қауымдастығы (WTA) жекелей және жұптық сында жаңартылған рейтингіні жариялады.

Қазақстан теннис федерациясының мәліметінше, Галле (Германия) АТР 500 турнирінің жеңімпазы атанған Александр Бублик 48-ден 27-орынға көтерілді. Тимофей Скатов – 138, Бейбіт Жұқаев – 239, Михаил Кукушкин – 259, Денис Евсеев – 320, Дмитрий Попко 343-сатыда тұр. Жұптық сында Александр Недовесов 53-тен 51-ге жоғарыласа, Андрей Голубев 86-орында келеді. Әйелдер арасында Елена Рыбакина 3-орын сақтап қалса, Юлия Путинцева 50-ден 51-ге сырғыды. Аружан Сағындықова 1064-тен 1022-ге шығып, мыңдыққа жақындады. Жұптық сында Анна Данилина – 24, Жібек Құламбаева 197-орында тұр. Александр Бублик Мальоркадағы (Испания) турнирдің 1/16 финалындағы қарсыласын білді. Қазақстандық спортшы Альберт Рамос-Виноласпен (АТР рейтингінде 72-орын) кездеседі. Матч бүгін Астана уақытымен сағат 14.00-де басталады.

ИСТБОРН ТУРНИРІ

ҚАРСЫЛАСЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Қазақстанның бірінші, әлемнің 3-ракеткасы Елена Рыбакинаның Истборн (Ұлыбритания) WTA 500 турниріндегі қарсыласы анықталды.

Қазақстандық теннисші Ұлыбритания ашық чемпионаты (Уимблдон) қарсаңында өтетін жарыстың бірінші ракеткасы болып тіркелген.

Е.Рыбакина алғашқы айналымда іріктеу сайысы жеңімпаздарының бірі, дүниежүзілік рейтингте 75-орында тұрған қытайлық Сю Ванмен шеберлік байқасады.

Тағы бір қазақстандық Юлия Путинцева іріктеу сайысында ұлыбританиялық Хитер Уотсонға жол берді.

Жұлде қоры 780 637 АҚШ долларына бағаланған Истбурн додасы 26 маусым – 1 шілде аралығында өтеді.



ГАНДБОЛ



ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАДА – КҮМІС ЖҮЛДЕ

Алматыда гандболдан клубтар арасындағы Азия біріншілігі аяқталды. Оңтүстік Корея мен Кувейт, Үндістан мен Өзбекстан және еліміздің екі командасы бір апта бойы Достық спорт кешенінде сынға түсіп, жеңімпаздар анықталды.

Бас жұлде Сеулден келген Шюгар гиль-дерс командасына бұйырды. Кореялықтар барлық ойында ұпай алып, бірде-бір пашау шығарған жоқ. Ел намысын қорғаған Қызылорданың «Қайсар» командасы күміс жұлде еншіледі. Қола медаль Үндістаннан келген «Т-Спорт» командасының қанжығасында кетті. Енді қол добы шеберлері, біраз тынығып алған соң ұлттық құрама сапында Азия ойындары мен Олимпиадалық іріктеу жарыстарына дайындықты бастайды. Азия біріншілігінде «Қайсар» командасының шабуылшысы Вероника Хардина үздік ойыншы атанды.

«Дәл қазір мұндай жарыстар бізге ауадай қажет. Өйткені, байрақты бәсекелердің қарсаңында тәжірибе алмасып, шеберлікті шыңдап аламыз. Осы жарысқа қатысқан командалардың осалы жоқ. Бұрын іріктеуден аса алмай жүретін үндістандықтар биыл қолаға қол жеткізді. Өкінішке қарай, бас жұлдені корейлықтарға беріп қойдық. Енді ұлттық құрама сапында есе қайтаруға тырысамыз», – деді Азия біріншілігінің үздік ойыншысы Вероника Хардина.

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ОТАН ҚОРҒАУ



ӘСКЕР – ӨМІР МЕКТЕБІ

122 түлекке лейтенант шені берілді



Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының курсанттарына салтанатты түрде диплом тапсыру рәсімі 28 гвардиялық-панфиловшылар саябағында өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Іс-шара Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою рәсімімен басталды. Жоғары оқу орнын бітірген 122 түлекке лейтенант алғашқы офицерлік атағы берілді. Олардың сегізі – үздік диплом иегері.

Бейініне қарай әскери оқу орнында радионавигация, радиотехника, инжиниринг, автоматтандыру, инфокоммуникациялық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік және киберқауіпсіздік жүйелері саласындағы мамандар даярланады. Офицерлер Қарулы күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құра-

лымдардың әскери бөлімдеріне бөлінді.

«Сендер Отан қорғаушы деген нағыз ерлерге тән мамандықты таңдадыңдар. Әскери институттың қабырғасында алған білімдеріңді қызметте табысты қолданатындарыңа сенімдімін. Әрдайым офицер деген жоғары атаққа лайық болыңдар», – деді жас мамандарға Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов.

Жас офицерлер салтанатты шерумен жүріп өтіп, институттың жауынгерлік туымен қоштасу рәсімін жасады. Екінші курс курсанттары қонақтарға қару-жарақпен саптық элементтерді көрсетті.

ТӘРБИЕ

ЖАСӨСПІРІМДЕР
КІТАП ОҚИДЫ

Алматыдағы Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекеме – еліміздегі көмелетке толмаған қылмыскерлер жазасын өтейтін жалғыз оқшаулау орны. Қазіргі уақытта мұнда аяғын жаза басқан 45 жасөспірім жазасын өтеп жатыр.



Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осыған орай, еліміздегі бірден-бір руханият ордасы – кітапхананың алар орны ерекше.

Жазасын өтеушілер бос уақытында осы жерден өздеріне керекті ақпарат алады, көркем шығармалар, газет-журналдар оқиды. Ал бұл аяғын жаза басқан жеткіншектер үшін аса қажет екені айтпаса да түсінікті. Қазіргі таңда мекеме кітапханасының қорында барлығы 3521 кітап бар. Оның 1200-і қазақ тілінде, ал 2321-і орысша. 5 электронды планшет-кітап бар.

Мұнда әдеби кітаптар, фантастикалық, детектив шығармалар, шетелдік классика, психологиялық жанрда жазылған туындылар көп. Сондай-ақ, кітапхана сөресінде Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы рұқсат еткен 65 діни кітап бар. Осы орайда айта кетсек, ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқығын қорғау комитетінің өкілдері кітапханаға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында былтыр 43 кітап сыйлаған. Жуырда колония кітапханасы тағы да жаңа кітаптармен толықты. Жекелеген адамдар мекемеге психологиялық және әдеби жанрда 48 кітап сыйға тарту етті.

Нұр ЖАМАЛ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Суық су уақытша тоқтайды



Жетісу ауданында сумен жабдықтау желілеріндегі жоспарлы жөндеу жұмыстарына байланысты 27 маусымда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін Солтүстік айналым – Бурундайская – Постышев – Гамарник – Дыбенко шаршы көшелерінде, Крыжицкий көшесінде, Павлодар көшесімен Крыжицкий және Бурундайская көшелерінің арасында орналасқан тұрғын үйлер мен өзге де ғимараттарға суық су беру уақытша тоқтатылады.

«Алматы Су» МКК мамандарының хабарлауынша, жұмыс жүргізу кезінде Бекмаханов – Совхозная – Земнухов – Волгоград көшелерінің шаршысында желілердегі су қысымының төмендеуі мүмкін. Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕІМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ФЕСТИВАЛЬ

BEU FEST

жаңа жұлдыздарға үлкен сахна ұсынды

Алматыдағы шаңғы трамплині аумағында Beu fest музыкалық фестивалі өтті. «Сұңқар» халықаралық спорт кешеніне жас музыканттар мен жаңа жұлдыздар өз көрермендерін жинады.

Естай
БОЖАН

Іс-шараны Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Beu Radio» ұйымдастырды. Жас және жаңа жұлдыздардың сахнасына Ninety One, Мирас Жүгінісов, Dequine, Akha, Sadraddin, Қазыбек Құрайыш, Sadraddin, Кенжебек, Ayree, ALPHA, Ayafunk, Ayau, Rusha, Taspay, Mona Songz, Orynkhan, Duman Marat, Sagdi, Ontoğyzonекі және т.б. талантты әншілер мен музыкалық топтар шақырылған.

Алматылық жастардың концерттік шарасына қолдау көрсету мақсатында қала әкімі Ерболат Досаев та көрермен ретінде қатысты.

Beu fest музыкалық фестивалі биыл екінші рет өткізіліп отыр. Ол өзінің

алматылық жас көрермендеріне бірден танымал болған сахна ретінде де белгілі. Көрермендерінің саны мен ықыласы «Сұңқар» кешені маңындағы көлік кептелісінен де байқалады.

Ұйымдастырушылар тобының мүшесі Жаннұр Айдарбекова: «Биылғы фестивальдің ерекшелігі – үлкен сахнаны армандап жүрген жас заманауи музыканттарды шақырдық. Біздің Beu-FM-нің де мақсаты осы жастарды қолдап, көрермендерімен қауышатын сахна әзірлеу», – деді.

«Beu Radio» өкілінің айтуынша, алматылық жас көрермендердің ықыласы айрықша. Олардың талабынан шығу үшін домбырада қазақтың жас әншілерінің шығармаларын орындап жүрген корейлық Соң Уон-Суб (Song Won Sub) атты өнерпазды арнайы шақырған.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

ХАЙУАНАТТАР БАҒЫ

21 жануардан 33 төл алды

Алматының Хайуанаттар бағы балалар үшін таптырмас демалыс орындарының бірі. Бүгінде жануарлар әлеміне саяхат жасап, олардың өмірін қызықтау үшін зоопаркке келетін жандар көп.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы хайуанаттар бағы 1937 жылы 7 қарашада құрылған. Ғасырға жуық тарихы бар зообақтың өсіп келе жатқан ұрпақ пен ересектерде жануарларға деген сүйіспеншілікті, қоршаған ортаға ұқыпты және құрметпен қарауды қалыптастыруда маңызы зор. Бүгінде мұнда сирек кездесетін және жоғалып бара жатқан аңдарды сақтап қалу және оларды көбейту мақсатында ауқымды шаралар қолға алынған.

Алматы хайуанаттар бағының директоры Сейілхан Ақылбековтың айтуынша, жануарларды тамақтандыруға арналған көкөніс қоймасы салынады. Аталмыш қойма қосалқы шаруашылық егістіктерінен және күзде арзандатылған бағамен сатып алынған

көкөністер мен жемістерді сақтауға және мал азығына қаражат үнемдеуге мүмкіндік береді. Алдағы уақытта зоопаркте «Африкалық саванна» кешенін салу жоспарда тұр. Онда 100-ге жуық жануардың 25 түріне дейін көрсетіледі. Келушілер санының артуы үшін экспозиция жыл бойы жұмыс істейтін болады. Құрылыс-монтаж жұмыстары 2024 жылға жоспарланып отыр.

Одан бөлек, «Арктика» кешені салынады. Келесі жылы «Тропикалық жұмақ немесе маймылдар елі», «Мадагаскар», «Қазақ даласы» кешендерінің құрылыс жобасын жасауды жоспарлап отыр. Сонымен бірге, жаңа ветеринарлық клиника салу, жабайы жануарларды реинтродукциялау орталығы жобалары жасалмақ. Жоспар бойынша 2030 жылға дейін хайуанаттар бағының жалпы аумағының 70%-ы реконструкцияланады.

Алматы хайуанаттар бағы директорының ветеринария бөлімі жөніндегі орынбасары



Ағыбай Әжібаевтың айтуынша, қазіргі уақытта 33 төл алынды. Оның ішіндегі 4-еуі Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар екен. Одан кейін соңғы 18 жылда бегемот төлдеді. Тағы бір ерекше жаңалық, зообақтың жалпы тарихында алғаш рет шығыс колобустан ұрпақ алынды. 2020 жылдан бастап хайуанаттар бағы жыл сайын қарақұстардан балапан алып келеді.

Жақында зоопаркте Джамбо мен Лотти жұбында кішкентай сусиыр дүниеге келді. Алматыға Израильден әкелінген Джамбо 2007 жылы туған. Ал оның сыңары Лотти 2010 жылы өмірге келген екен.

Енді осы жұп туралы қысқаша айта кетейік. Мамандардың айтуынша, олар бірден жүп бола алмаған. Алғашында Джамбо Лоттиді сүзіп, қарсылық көрсететін. Бірақ уақыт өте келе тіл табысып кеткен көрінеді. Лотти 22 мамыр күні төлдеген. Кішкентай ұрғашы сусиырдың салмағы 38 келі, бойы 50 см. Қазір олардың жағдайы

жақсы, екеуі де арнайы бақылаумен қоршауға орналастырылды. «Енді біз оған ат қоюымыз керек. Парақшамызға өз ұсыныстарыңызды жолдаңыздар» дейді мамандар. Ал ендеше, кеттік, сусиырға ат қояйық!

Айта кетейік, бүгінгі таңда зоопаркте 3870 бас жануар тіршілік етеді. Олардың қатарында азиялық піл, бегемот, Оңтүстік ақ мүйізтұмсық және Оңтүстік Африка жирафы секілді үлкен құрлық төрттігі бар. Жануарлар «Аквариум», «Экзотариум», «Приматтар», Жыртқыш құстар, Экзотикалық құстар, Тұяқтылар, Жыртқыш сүтқоректілер секілді жеті экспозициялық бөлімге бөлінген. Мұнда ветеринарлық бөлім, жем-шөп асханасы, виварий, құрылыс алаңы, автогараж орналасқан. Зоопарктің жалпы аумағы – 20,645 гектарды құрайды. Басшылықтың айтуынша, 2025 жылға қарай жануарлар коллекциясын 400 түрге (4000 бас) дейін ұлғайту, ал 2030 жылға қарай 500 түрге (7000 бас) жеткізу жоспарланып отыр.

